



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАҒА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАРМЕН ТАНЫСТЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринмен және Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаевпен Парламенттік реформа бойынша кезекті жұмыс кеңесін өткізді.

Ерлан Қарин Мемлекет басшысына Жұмыс тобының 9 қаңтарда өткен отырысында болашақ бір палаталы Парламенттің мәртебесін, өкілеттіктері мен функцияларын анықтауға, сондай-ақ биліктің басқа да тармақтарымен өзара іс-қимылына қатысты тәсілдер әзірленгенін айтты. 15 қаңтарға жоспарланған келесі отырыста жаңа Парламенттің басты мемлекеттік институттардың қызметін қамтамасыз

ету өкілеттіктері талқыланады.

Ержан Жиенбаев Мемлекет басшысын конституциялық реформаға қатысты Жұмыс тобы мүшелері мен жұртшылықтан келіп түскен жаңа ұсыныстармен таныстырды.

Президент барлық пікірмен бастаманы ескеру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ конституциялық реформа бойынша түпкілікті шешімді ел азаматтары жалпыұлттық

референдумда қабылдайтын мәлімдеді.

Сонымен қатар кездесуде Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетін бесінші отырысына дайындық мәселесі қаралды. Мемлекет басшысы Құрылтай отырысын өткізуді осы жылдың 20 қаңтарына белгілеп, алдағы маңызды іс-шараны ұйымдастыру және оған тыңғылықты әзірлену жөнінде нақты тапсырма берді.

АГЕНТТІК ТӨРАҒАСЫ ЕСЕП БЕРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады.



Президентке ведомствоның 2025 жылы атқарған қызметінің басты нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде есеп берілді.

Жанат Әлиманов 1135 қылмыстық іс бойынша тергеу аяқталып, жәбірленушілерге 141,5 миллиард тенге өтелгенін баяндады. 128 миллиард тенгеден астам қаражатты қолма-қол ақшаға айырбастаумен шұғылданған 15 қылмыстық топ пен 29 алаңның көзі жойылды. Есірткі сатудан және алаяқтық жолмен тапқан ақшаны жылыстатқан 22 астыртын криптоалмасу қызметіне тосқауыл қойылды. Есірткі табысын заңдастыруға қатысы бар 1,1 мыңнан астам заңсыз онлайн криптовалюта айырбастау қызметі мен 20 мың дропкарта бұғатталды.

Мемлекет басшысына қаржы секторында заңсыз кірісті жылыстатумен айналысты деген күдікке іліккен 2 мың компаниямен және 56 мың адаммен іскерлік қарым-қатынас тоқтатылғаны туралы айтылды. Бұдан бөлек, 53 инфрақұрылымдық жоба бойынша 264,2 миллиард тенге бюджет қаржысын негізсіз шығындауға, тауар биржасы басшылығының 2 мил-

лиард тенге заңсыз сыйақы алу схемасына тосқауыл қою арқылы әлеуметтік маңызы бар көмір бағасының спекулятивтік өсуіне жол берілмеді. Агенттік қызметкерлері контрабандалық жолмен шетелге 102 мың тонна бензин шығару әрекетін әшкерелеп, жанар-жағармай тапшылығының алдын алды.


Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықты онлайн-казинолардан сақтандыру шаралары жөнінде мәлімет берілді. Атап айтқанда, төлем қызметтерін ұсынатын 35 ұйымның көмегімен 2,1 триллион тенге қаражат заңсыз айналымда жүргені анықталды. Табиғи ресурстарды барлау жұмыстарын атқармаса да, 437 жер қойнауын пайдаланушыға 625 жер телімін беру, сондай-ақ 382 мың тоннадан астам заңсыз өндірілген пайдалы қазбаны шығару фактілері тіркелді.

Сонымен қатар МӘМС жүйесінде көрсетілген қызметтердің санын қолдан көбейту, соның ішінде қайтыс болған адамдарға жалған медициналық көмек көрсету арқылы 26 миллиард тенге шығын келтіру фактісі мәлім болды.

Мемлекет басшысы Агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

Президент 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялағаны мәлім. Биылғы жыл бұл тұрғыда тарихи бетбұрыс жылына айналуы мүмкін. Мысалы, Үкімет барлық елді мекенді интернетпен қамтып шығуға уәде етіп отыр. Ескірген саналатын eGov «электронды Үкімет» орнына Қазақстан QazTech тұғырнамасына көшеді. Бұдан былай жасанды интеллект заң жазып, оның кейінгі орындалуын бақыламақ. Экономиканың барлық саласына цифрлық технологиялар енгізілмек. Мемлекет пен ел өмірінде тағы қандай өзгерістер болады?

ЖИ ЖЫЛЫ – ЖАҢА СЕРПІН



ДАЙЫНДЫҚКА ҚЫЗУ КІРІСТІ

— Мен биылғы Жолдауымда Цифрлық мемлекет болуымыз керектігін жарияладым. Сондықтан 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп атау туралы шешім қабылдадым. Озық технологиялар еліміздің барлық саладағы әлеуетін арттыруға жол ашпақ, — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қаңтарда жаңа жылмен құттықтауында.

Жуырда Үкімет осы жылға арналған кеңауқымды халықаралық іс-шаралар жоспарын да бекітеді. Оның ішінде мысалы, GITECH Central Asia ірі форумы, ЖИ, киберқауіпсіздік, ғарыш, тағы басқа тақырыпта халықаралық іс-шаралар өткізілмек. Осы жылдың іс-шараларын ұйымдастыруға жауапты тұлға ретінде бекітілген Премьер-министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев ауыл-аймақты аралап, өңірлермен бірге 2026 жылға арналған цифрлық трансформацияның басым бағыттарын айқындауға кірісті. Ведомство әкімдіктермен және жергілікті салалық ұйымдармен тізе қосып, олардың цифрлық даму жоспарлары мен ЖИ шешімдерін енгізуге дайындығы деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізеді.

(Жалғасы 6-бетте)

ЖАНАРМАЙ НАРЫҒЫНДАҒЫ АХУАЛ:

БАҒА КӨТЕРІЛЕ МЕ?

Біз бағаны ұстап тұрғанда, көршілерде ол екі есе қымбат болса, Қазақстаннан жанармайды заңды да, заңсыз да жолмен алып кетеді. Тіпті, жерасты құбырларын тартып алады. Шекарамызды ескерсек, оған тосқауыл қою мүмкін емес. Президент айтқандай, біз көрші елдердің экономикасын жанама түрде субсидиялап отырмыз: жүк тасымалы, транзит – бәрі біздің арзан жанармай арқылы жасалады.

→ 2



ӨНЕРДІҢ БАҒАЛАНҒАНЫН ҚАЛАЙМЫН



Театр – өмірлік мәселелерді шешудің жоғарғы сатысы. Көрермендер әр қойылымнан керемет алып, ой түйсе екен дейміз. Қандай да бір адамгершілік қасиетті бойға сіңіріп жатса, соның өзі – біз үшін жетістік. Мамандықты таңдағаннан кейін оны жанмен сүю керек.

→ 8

СЕВОРАНҒА СЕНІМ БАР МА?



Тіс емдеуде дәрігерлердің жиі қолданатын препараты – севофлуран. Яғни, севоран – газ арқылы берілетін наркоз. Ол баланы терең ұйқыға кетіріп, ауырсынуды сездірмей, дәрігерге барлық қажетті емді бір уақытта жасауға мүмкіндік береді.

→ 6

13 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ



ДЕПУТАТТАРДЫҢ ӨҢІРЛЕРГЕ САПАРЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 15 қаңтарда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті. Сондай-ақ сенаторлардың өңірлерге сапарының және тұрғындармен кездесулерінің қорытындылары талқыланды.

Мәулен Әшімбаев палата депутаттарының өңірлерге сапарын қорытындылай келе, сенаторлардың жергілікті тұрғындармен тұрақты кездесулері және мәслихаттардағы әріптестермен бірлескен жұмысын нығайту аса маңызды екенін айтты.

«Сенат депутаттары өңірлерге барып, халықпен кездесулер өткізді. Онда сенаторлар Мемлекет басшының «Turkistan» газетіне берген сұхбатында айтылған бастамаларды талқылап, Парламент қабылдаған заңдардың маңызына тоқталды. Жалпы, өңірлерде ауқымды, белсенді жұмыс жүргізілді. Облыстар мен ауылдардағы өзекті проблемалар көтеріліп, оларға баса мән берілді. Енді сол кездесулердің нәтижесі бойынша депутаттық сауалдар жариялап, азаматтарды алаңдатқан түйткілерді тиісті мемлекеттік органдарға жеткізу және оларды шешу жолдарын бірлесіп әзірлеу қажет. Әріптестерімнен осы мәселені бақылауда ұстауды сұраймын», — деді Сенат Төрағасы.

Бекітілген күн тәртібіне сәйкес алдағы бейсенбіде сенаторлар «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» заңды қарайды. Құжат нормалары академиялық және кәсіби ұтқырлықты кеңейтуге, дипломдарды, дәрежелерді және өзге де біліктіліктерді тануды жеңілдетуге, сондай-ақ оларды бағалау кезінде ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар палата отырысында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Парламент Сенатының депутаттарын сайлау мәселесі қаралады.

Бюро отырысында депутаттар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөліп берді.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ АЯСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМДЕРДІ ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттарға халықаралық құжаттарды ратификациялауға қатысты бірқатар заң жобасын қарау ұсынылады. Олардың қатарында 2023 жылғы 4 желтоқсанда Мәскеуде қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісім бар. Бұл құжат тауарлардың шығу тегін айқындау және растау мәселелерінде мүше мемлекеттердің тәсілдерін біріздендіруге бағытталған. Ол бақылаудың бірыңғай қағидаларын

қамтамасыз етіп, қазақстандық өнімнің сұр реэкспорт схемаларының алдын алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ 2024 жылғы 8 мамырда Мәскеуде қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің сақталуын мемлекеттік бақылау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасын қарау жоспарланып отыр. Бұл құжат ықтимал беделдік сын-қатерлерді азайтуды көздейді.

Бұдан бөлек, Мәжіліс мемлекеттік қызмет, Алатау қаласының арнайы мәртебесі, инвестициялық қорлар, машина жасау саласын дамыту, жол қауіпсіздігін цифрландыру, сондай-ақ жүргізушілерді даярлау саласындағы кәсіпкерлік қызметке қатысты жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдайтын болады.

ТАРАЗЫ

ЖАНАРМАЙ НАРЫҒЫНДАҒЫ АХУАЛ: БАҒА КӨТЕРІЛЕ МЕ?

Бензин мен дизель тақырыбы – ел ішінде жиі айтылатын мәселе. Әзірге баға жанар-жағармай құнына қойылған мораторийдің әсерінен уақытша тұрақталған сыңайлы. Дегенмен отандық сарапшылар кез келген тауар нарықта табиғи бағада сатылмаса, тапшылыққа тап болуы мүмкін екенін алға тартып отыр. Бензин де қазір сол тауарлардың тізбегінен болмақ. Ал тұтынушылар «арзан жанармай кезеңі қанша уақытқа созылар екен» деп бас қатырып жүр. Өйткені сыртқы келісімдер мен аймақтық нарықтағы өзгерістер бағаның мүлде басқа бағытта өзгеруіне себеп болуы мүмкін.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Қаңтарда елді елең еткізген жаналықтың бірі — «Қазақстанда бензин мен дизель отынының бағасы 2026 жылдың соңына дейін өсуге тиіс» деген ақпарат болды. Бұл туралы мұнай нарығын зерттейтін сарапшы Олег Червинский ескертіп, биыл жанар-жағармайға төмен баға сақталатын соңғы жыл болуы мүмкін екенін атап өтті. Оның айтуынша, бағаның көтерілуіне 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО аясында ортақ мұнай және мұнай өнімдері нарығын қалыптастыру туралы келісімнің күшіне енуі себеп болмақ. Іс жүзінде бұл Қазақстан ішкі нарықтағы жанармай бағасын Ресей мен Қырғызстан деңгейіне жақындатуға мәжбүр болады дегенді білдіреді. Қазіргі уақытта бензин елімізде көрші мемлекеттерге қарағанда шамамен екі есе арзан.

Дегенмен мұнай саласының сарапшысы Олжас Байділдинов бұл пікірмен келіспейтінін айтады. Оның айтуынша, отандық нарықтағы ахуал өзгермесе, Қазақстан өңірдегі өзге елдердің экономикасын субсидиялаушы болып қала беруі әбден мүмкін.



— Жанармай бағасы қалай болғанда да өседі. Олег Червинскийдің Telegram-дағы жазбасында бұл мәселе дұрыс жеткізілмеді деп ойлаймын. Себебі кез келген тауар мен қызметтің доллармен есептелетін өзіндік құны бар. Мысалы, Қасым-Жомарт Кемелұлы 2000 жылдардың басында премьер-министр болған кезде де, қазіргі ел басқарып тұрған уақытында да бізде жанармай бағасы доллармен есептегенде бірдей деңгейде. Ол кезде АИ-92/93 бензині 50 теңге тұратын, яғни доллар курсы 120 теңге болғанда, шамамен 40 центке тең. Қазір АИ-92/93 бензин 230–240 теңге, доллар 510–520 болғанда бұл да шамамен 40 цент. Оның үстіне, осы жылдар ішінде жанармай сапасы айтарлықтай артты. Маған 20 жыл ішінде доллармен есептегенде, сол бағыз 40 цент деңгейінде қалған қандай тауар бар екенін көрсетіңізші? Әрине, ондай тауар жоқ», — дейді маман.

О. Байділдиновтің сөзіне сенсек, мұнай өндіруде де, тасымалдауда да, өңдеуде де доллармен есептелетін шығындар көп. Бұл доллар курсына да, әлемдік бағаларға да тәуелді.

— Доллар қымбаттаса, жанармай да қымбаттайды. Мұнда ЕАЭО-ның еш қатысы жоқ. Керісінше, біз ЕАЭО аясында Ресейден жанармайды кедендік бажсыз импорттап отырымыз. Егер ЕАЭО

болмаса, біріншіден, баж салығын төлер едік, екіншіден, мүлде сатып ала алмас едік, себебі Ресейде мұнай өнімдерінің кейбір түрін ЕАЭО-дан тыс елдерге экспорттауға тыйым салынған. Қазір біздің ішкі нарық керісінше тапшылық жағдайында. Жыл сайын Ресейден 400–500 мың тонна бензин, 300–400 мың тонна дизель алып келеміз. Сонымен қатар біз авиакеросин, битум және басқа да өнімдерді тұтыну көлеміне жететіндей өндіре алмаймыз. Сол үшін импорттауға мәжбүрміз. Ал импорт өнімдерін сыртқы нарықта баға жоғары болса, Қазақстанға әкеліп арзанға сата алмайсыз, — деді ол.

Сарапшы сол сияқты инфляция, тауардың өзіндік құнының өсуін, теңгенің құнсыздануын да ескергеннен бөлек, көрші елдер факторы бар екенін назарда ұстаған дұрыс екенін айтып отыр. Өйткені ол жақта жанармай бізден қымбат. Оның айтуынша, бұл жағдаймен біз бүгін ғана бетпе-бет келіп отырған жоқпыз, сондықтан қазіргі шектеулер уақытша тиімді болғанымен, ұзақмерзімді перспективада ұшпаққа шығара қоймайды.

— Себебі біз бағаны ұстап тұрғанда, көршілерде ол екі есе қымбат болса, Қазақстаннан жанармайды заңды да, заңсыз да жолмен алып кетеді. Тіпті, жерасты құбырларын тартып алады.

Шекарамызды ескерсек, оған тосқауыл қою мүмкін емес. Президент айтқандай, біз көрші елдердің экономикасын жанама түрде субсидиялап отырымыз: жүк тасымалы, транзит — бәрі біздің арзан жанармай арқылы жасалады — деп сөзін жалғалды Олжас Байділдинов.

Сондай-ақ сарапшы қазіргі өңдеу бағасы сақталса, жаңа мұнай өңдеу зауытын салу ешкімге тиімсіз екенін алға тартты. Оның сөзінше, тіпті «ҚазМұнайГаздың» өзі мұндай салмақты көтеруге қауқарсыз. Соның салдарынан Қазақстан жыл сайын импорт көлемін ұлғайтып отыр.

— Егер бізде баға айырмасы күшейе берсе, жанармай құю стансаларында екі түрлі баға пайда болады: біріншісі, қымбат ресейлік бензин және екіншісі, қағаз жүзінде арзан болғанымен, іс жүзінде қазақстандық бензин нарықта жоқ. Жалпы сала либералды бағаға өтуі керек. Сонда ғана бұл бағытқа инвестиция келеді, біз алдымен ішкі сұранысты қамтамасыз етіп, қажет болса, экспортқа шығара аламыз. Басқа жол жоқ. Мен мұны бұрыннан айтып келемін және өзім оны бір сөйлеммен былай түйіндеймін: Қазақстанда арзан энергия тасымалдағыштар дәуірі аяқталды, — деп сарапшы сөзін аяқтайды.

Маман сөзінің жаны бар. Оны өзге әріптестері де мақұлдайды. Жалпы, еліміз еркін нарық қағидаларына сүйеніп

тіршілік етуге көшкелі экономистердің алға тартатын ұраны да осы: «барлық тауардың құны тұтынушының қалтасынан өтелуге тиіс». Тәуелсіз сарапшы Сапарбай Жобаев мырза да олигополия өкілдері бензин бағасын төмен деңгейге ұстап тұруға мүдделі екенін жасырмады. Өйткені олар қарапайым халықтың қалтасы көтермейді деген жансақ мәлімдеме жасау арқылы субсидиядан құр алақан қалмауды көздейді.

— Бензиннің бағасы, расымен де, көршілес елдермен сәйкес болуы керек. Бұл өнімді бізден контрабандамен алып шығуға кедергі болатындай экономикалық шектеулер керек. Ол үшін баға бір-бірімен тең болмаса да шамалас деңгейде болғаны абзал. Билікте отырған олигархтардың көбісі бензин бағасының төмен болуына мүдделі. Неге десеніз, олар осы арқылы үш түрлі жолмен пайда табады. Біріншіден, халыққа арзан жанар-жағармай ұсынып отырымыз деп бюджеттен триллиондап субсидия алады. Кейбір олигархтардың екінші табыс көзі — контрабанда. Үшіншіден, олардың отбасы мүшелері жанар-жағармай шығыны жоғары көлікпен жүреді, сондықтан оларға бағаның төмен болғаны әсіресе тиімді, — дейді экономист.

Сарапшының сөзіне сүйенсек, дәл қазірдің өзінде бензин бағасын 340–380 теңгеге көтерілсе де, өзге тауарлардың құнына айтарлықтай әсері болмайды.

— Себебі өнімнің өзіндік құнындағы транспорттың үлесі 3–4 пайыз ғана. Мораторий аяқталған соң, екі-үш ай көлемінде бізде де жанармай құны өзінің нарықтағы табиғи деңгейіне, яғни 250–280 теңгеге жетуі керек деп есептеймін. Одан кейінгі маңызды мәселе, жанар-жағармай өндірушілердің де табысы болуы керек. Баға осы калпында қала берсе, сол мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлердің де табысы өспейді, инвестиция тарту қиындайды. Ал субсидия алып, табысқа кенеліп отырған шенді-шекпенділер одан салық та төлемейді. Басқа шетелдік компаниялар бюджетімізге триллиондап ақша құйып отыр, — деп түйіндеді сөзін Сапарбай Жобаев.

Демек, ертен жер сипап қалмас үшін бүгін қамданып, нарықтың қазанында қайнап жатқан елдердің өз экономикамызға тигізер әсерін ертерек сараалағанымыз жөн.

АЛМАТЫДА ЦИФРЛЫҚ КОДЕКС ТАЛҚЫЛАНДЫ



Алматыда Цифрлық кодексті талқылауға арналған ашық кездесу өтті. Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева қатысқан жиында цифрлық реттеудің IT-нарыққа, білім беру саласына, бизнеске және адам құқығына ықпалы талқыланды.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Биыл Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жарияланғаны белгілі. Жыл басталысымен дәл осы бағытты ілгерілетуде еліміз алғашқы қадамын жасап үлгерді. Таяуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Цифрлық кодекс туралы құжатқа қол қойды. Аталған ресми құжат цифрлық ортада мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру, азаматтардың жеке деректерін қорғау сынды өзекті мәселелерді қамтиды. Цифрлық кодекс туралы құжат «AMANAT» партиясы фракциясы депутаттарының бастама-сымен әзірленген.

— Қазір біз кәсіби қауымдастықпен бірлесіп кодекстің негізгі ережелерін белсенді түрде талқылап жатырмыз. Себебі қазір оған қатысты қосымша заңнамалық, нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу кезеңі басталды, сондай-ақ Цифрлық кодекске ғылыми-практикалық түсіндірме дайындау жұмысы қолға алынды. Алда атқарылар міндет көп, сондықтан бұл құжатты қолданатын нарық өкілдерімен, оны іске асыратын тараптармен кері байланыс орнату біз үшін өте маңызды, — деді Екатерина Смышляева.

Цифрлық кодекс — еліміздегі цифрлық экономиканың, жасанды интеллект пен деректер айналымының құқықтық негізін қалыптастыруға бағытталған кешенді құжат. Сарапшылардың сөзінше, оның қабылдануы жана тәуекелдер мен қоғам алдындағы жауапкершілікті күн тәртібіне шығарады.

— Айта кету керек, кодексті әзірлеу барысында IT және сараптамалық қауымдастық өкілдері аса белсенді болды. Жиынға қатысушылардың, шамамен жартысынан көбі де — сол жұмыс тобының мүшелері. Қазір бәрімізге осындай ашық диалог қажет. Бұл Цифрлық кодекс нормаларын дұрыс қолдануға және ұғынықты түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұған дейін елімізде мұндай кодекс болған емес, — деді Мәжіліс депутаты.

Цифрландыру саласын дамыту үшін нарыққа ең алдымен білікті кадрлар қажет. Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің ректоры Ғани Сақтағанұлының сөзінше, бүгінде Қазақстандағы 115 жоғары оқу орнының жартысынан астамы IT және цифрландыру саласында маман даярлайды. Бұл — қазіргі еңбек нарығында сұранысы жоғары бағыттардың бірі. Университет те осы үдерістен шет қалмай, IT саласы бойынша беделді оқу орындарының қатарына енген.

— «Ақпараттық қауіпсіздік» мамандығы бойынша университетіміз «Атамекен» ұлттық палатасының рейтингіне сәйкес үздік үштікке енген. Сонымен қатар «Ақпараттық жүйелер», «Ақпараттық технологиялар», «Жасанды интеллект», «Деректерді талдау» сынды аса қажетті мамандықтар бар. Бұл бағыттарға жастардың қызығушылығы өте жоғары. Университет энергетикалық бағыттағы жетекші оқу орны болғанымен, IT факультеті де сұранысқа ие құрылымдардың біріне айналып отыр. Өйткені жастар IT саласының болашағы мен жасанды интеллекттің маңызын жақсы түйсінеді, — деді Ғани Нығыметов.

— Бүгінде қоғам екі үлкен бағытқа бөлініп отыр: дәстүрлі және цифрлық орта. Қазір көптеген мәселе цифрлық форматта шешіледі, деректер пайда болады. Бұдан туындайтын басты сұрақ — сол деректерді қалай жүйелі пайдалану керек, оларды қалай қорғау қажет? Міне, осының барлығын реттейтін негізгі құжат — Цифрлық кодекс. Деректер қауіпсіздігі мәселесінің мемлекеттік саясат деңгейінде нақты көрініс табуы қуанарлық жайт, — деді ректор.

Жиын барысында ICT саласындағы индустриялық кеңестің төрағасы Асқар Марат Алматы энергетика және байланыс университеті еліміздің цифрлық дамуы үшін кадрлар даярлайтын жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретінде бұл бағытта өзін белсенді көрсетіп келе жатқанын негізге алды. «Цифрлық кодекске сәйкес нормативтік-құқықтық базаны толық сәйкестендіру бойынша ауқымды жұмыс атқарылуға тиіс», — дейді ол.

— Біз цифрландыру саласындағы негізгі, іргелі құжатты қабылдадық. Ендігі кезекте ел тұрғындары бұл кодекстің не екенін, не үшін қажет екенін, қандай қоғамдық қатынастарды реттейтінін жақсы түсінуі керек. Өздеріңіз білетіндей, Президент биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Осылайша, алдағы кезеңге нық әрі нақты саяси негіз қаланды. Бұл кездесуде кодексті әзірлеуге қатысқан мамандар оның негізгі ережелерін түсіндіріп, жаңа заңға қатысты толғандырған сұрақтарға жауап береді. Қазір бізде халыққа арналған ашық үкіметтік кеңес жұмыс істейді, — деді ол.

шешімін тапты. Бұл жұмыстар аудан көлемінде көптеген өзекті мәселенің оң шешілуіне себеп болды.

Қоғамдық қабылдау бөлмесінде жыл басынан 675 арыз-өтініш келіп түссе, оның 403-і оң шешіліп, 272-не кеңес берілген. Саяси кеңес бюросының 4 отырысы өтті. Партия филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы ауылдардағы проблемаларды талқылайтын, олар бойынша нақты шешімдер қабылдайтын алаңға айналды.

Партиялық жобалар өз тиімділігін айқын көрсетті. Мәселен, «Жер аманаты» жобасы аясында 2025 жылға Отырар ауданында 7 мың гектар жер ортақ мал жайылымына қайтару жоспарланған болса, 22-агроқұрылымнан 8 910 гектар жері ауданның арнайы жер қорына алынды.

Ал «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2025 жылға жобаға қатысу үшін Акқұм, Көксарай, Отырар, Талапты 4 ауыл округінен жобаға қатысуға 132 адам ниет білдірген. «Қарызсыз қоғам», «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық», «Кедергісіз келешек», «Ұлттық мұра», жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыс өте көп.

Алдағы жұмыс бағыттары ретінде «Ауыл аманаты» жобасын тиімді жалғастыру. Жол картасы тармақтарының орындалуына бақылауды күшейту, партия филиалының материалдық-техникалық базасын нығайту міндеттері белгіленіп отыр. Сайланбалы лауазымдарға партия атынан ұсынылатын кандидаттар бойынша гендерлік теңдік қағидатын ұстану, аудандағы әлеуметтік тәуекелі орта деңгейдегі отбасылардың санын азайту бойынша пәрменді шаралар қабылдау ұсынылды. Ауданда шағын кооперативтерді біріктіріп, өндіріс көлемін ұлғайту, «Әкімдер мектебі» жобасының тиімді іске асырылуын үйлестіру жүктелді. Партия қызметі, оның бастамалары туралы ақпараттық жұмысты күшейту тапсырылды, жастармен бағдарланған жұмыстар атқаруға басымдық берілді. Партияның қоғамдық белсенділігін арттыру, партиялық бақылауды күшейту бағыттарында бірқатар тапсырма берілді. Бұл жұмыстар аудандық партия филиалының алдағы жұмыс бағыттарының бірі болып түзіледі.

Уалихан ҰЗАКОВ,
«AMANAT» партиясы Отырар аудандық филиалының төрағасы,
аудандық мәслихат төрағасы



АГРОӨНЕРКӘСІП САЛАСЫ – ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Еркебұлан Мәмбетов пен Дмитрий Колода Солтүстік Қазақстан облысындағы агроөнеркәсіптік кешеннің ірі жобаларының бірі – Eco Glade ЖШС саңырауқұлақ фермасының жұмысымен танысты.

Былтырғы жылдың соңында іске қосылған құны 11,3 млрд теңге болатын кәсіпорын агарикус тектес саңырауқұлақтар мен компост өндіруге бағытталған. Жылына 2 400 тонна саңырауқұлақ және 4000 тонна компост өндіруге қауқарлы Eco Glade өндіріс азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қайта өңдеу секторын дамытуға елеулі үлес қосады.

Депутаттар өндіріс процесімен, саңырауқұлақ өсіру және қайта өңдеу жағдайларымен танысып, жобаға жоғары баға берді. Инвестицияның тең жартысы «Солтүстік» ӘКК мен «СКО тәжірибесі» бағдарламасы сынды мемлекеттік қолдау шаралары арқылы жүзеге асырылған. Бұл — мемлекет пен бизнес арасындағы тиімді серіктестіктің жарқын мысалы. Ферманың ашылуы нәтижесінде 65 жаңа жұмыс орны құрылды.

«Миллиардтаған инвестиция, жаңа технологиялар мен жұмыс орындары —

бұл өндіріс дамуына серпін береді. Мемлекет басшысы атап өткендей, тұрақты экономиканың негізі — отандық бизнесті қолдау және қайта өңдеу саласына инвестиция тарту», — деді Мәжіліс депутаты Дмитрий Колода.

Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел дамуындағы экономикалық өсім азаматтардың өмір сапасының жақсаруына және нақты табысының артуына тікелей әсер етуі қажет екенін бірнеше рет атап өткенін еске салды. Кәсіпорын арнайы экономикалық аймақтың артықшылығын пайдалана отырып іске асырылуда. Бұл өндірістің жылдам дамуына және инвестициялық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Eco Glade ЖШС сияқты кәсіпорындар Солтүстік Қазақстан облысының бірегей жобаларды жүзеге асыруға қабілетті өңір екенін дәлелдейді.

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қызылорда облысындағы жұмыс сапары барысында Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев қайта жаңғыртудан өтіп жатқан Президент саябағындағы жұмыстарды көрді.

2007 жылы негізі қаланған саябақтың аумағы — 81,85 гектар. 2024 жылы нысанды жаңғырту қажеттілігі туындап, жобаны Alem Quryly AQ серіктестігі жүзеге асыруда. Жобаға енгізілген өзгерістерге сәйкес мұнда 300 орындық балалар лагері мен ботаникалық бак салу көзделген. Сонымен қатар аллеялар, субұрқатар, амфитеатр, спорт және балалар ойын алаңдары, workout аймақтары, фудкорт, велосипед және жүгіру жолақтары, сахна, сарқырама каналдары, баскетбол және футбол алаңдары бой көтермек. Балалар лагерінің құрылысына 6,02 гектар жер бөлініп, бұл аумақта әкімшілік ғимарат, іс-шараларға арналған ивент-аймақ, 4 тұрғын корпус, қонақүй типіндегі шағын ғимарат, 5 дәстүрлі киіз үй, ашық бассейн, шағын футбол алаңдары және өзге де демалыс нысандары салынуда. Бұдан бөлек, инвестор қаржысы есебінен 150 нөмірлі Rixos бес жұлдызды қонақүйі және тоғыз қабатты 15 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде.

Мәжіліс депутаттары бұл жобаның өңір тұрғындары үшін қауіпсіз әрі заманауи демалыс кеңістігін қалыптастыруда маңызы зор екенін атап өтті.

Мархабат Жайымбетовтің айтуынша, соңғы екі жылда өңірде 200-ден астам әлеуметтік нысан салынған, жүзге жуық нысан қайта жаңғыртылуда. Президент саябағын абаттандыруға 14 млрд теңге бөлінсе, 6 млрд теңгеге аумағы 2,41 гектар ботаникалық бак салынып жатыр. Бакта әлемнің түрлі аймағына төн өсімдіктер отырғызылмақ. Сондай-ақ «Астана» шағынауданынан Президент саябағына дейін Сырдария өзені арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде.

— Барлығын көзбен көріп, таныстық. Балалар лагерінің салынуы қатты қуантып отыр. Себебі өңірде жыл бойы жұмыс істейтін тынығу лагері жоқ. Ботаникалық бак та алдағы уақытта экологиялық аймақ тұрғындарының таза ауада тыныстап, денсаулығын нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз, — деді Мархабат Жайымбетов.

Сапар барысында депутаттар «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-на қарасты жана

автовоззалға барып, Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында іске қосылған «Эко такси» қызметінің жұмысымен танысты.

Мұрат Әбенев бұл жобаның маңыздылығына тоқталып, отандық «Апару» жүйесіне негізделген такси қызметін өзге өңірлерге де енгізу қажет екенін айтты. Оның сөзінше, бұл жүйе жүргізушілердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етіп, табысты ел ішінде қалуына мүмкіндік береді.

— Қазір біз Парламентте «Яндекс» такси қызметін көтеріп жатырмыз. Бұл бағытта көп сын айтылады. Бұл такси қызметі 25 пайызға дейін өте жоғары алады. Жүргізушілердің денсаулығын тексермейді, айлық жалақысын бермейді. Зейнетақы жарнасын, әлеуметтік төлемдерін төлемейді. Сақтандырылмаған. Бақылау жоқ. Бұдан түскен қаржының барлығы шетелге кетіп жатыр. Бұл — үлкен проблема.

Ал Қызылордада қолға алынып отырған такси қызметі «Апару» Қазақстандық жүйесіне қосылған екен. Әр жүргізуші бір рейс үшін 60 теңге төлейді. Қалған тапсырыстан түскен қаржы жүргізушіге түседі. Яғни, үйлестіруші мекемелер арқылы жүргізушінің жалақысы, әлеуметтік төлемдері толық аударылады. Сонымен бірге әрбір жүргізуші күнделікті медициналық бақылаудан өтеді. Бұл азаматтардың қауіпсіздігі үшін өте маңызды. Бұл қызметтің барлығын мемлекеттік органдар қадағалап отыр. Сондықтан бұл жобаны басқа өңірлерге де енгізіп, отандық жүйені қолдауымыз керек. Сонда түскен қаржы шетелге емес, еліміздің бюджетіне түсетін болады, — деді Мұрат Әбенев.

Атап өтейік, «Эко такси» 2024 жылдың 30 қыркүйегінде қызметін бастады. Бұл жұмыстарға облыстық бюджеттен 999 млн теңге қаржы бөлініп, «JAS E17» маркалы 100 дана электромобиль сатып алынған. «Эко такси» қызметіне тапсырысты жолаушылар «Жұлдыз такси», APARU және «Яндекс такси» қосымшалары арқылы бере алады.

Елнар ЕЛТАЙ



БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҚОҒАМ СЕНІМІ



Түркістан облысында «AMANAT» партиясы Отырар аудандық филиалы партияның сайлауалды бағдарламасын жүйелі түрде жүзеге асырып, нақты нәтижелерге қол жеткізді. Басты құндылық – қоғам сенімі. Осы орайда сайлауалды уәделерді орындауға, азаматтардың тұрмысын жақсартуға, тұрғындардың табысын арттыруға, аймақтың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын сақтауға, азаматтардың құқығын қорғауға және қоғам сенімін күшейтуге ерекше назар аударылды.

Отырар ауданында жыл басынан бері партия қатарына 110 адам қабылданып, партия мүшелерінің саны 3 448 адамға жетті. Жаңа мүшелердің қабылдануы партияның сапалық құрамын нығайтып, қоғаммен жұмыс жүргізу әлеуетін күшейтті. Әртүрлі сала мамандарының, белсенді азаматтардың қосылуы партия жұмысының практикалық тиімділігін арттыра түсті.

Партияның сайлауалды бағдарламасының Түркістан облысы Отырар ауданы бойынша іске асыру жөніндегі Жол картасында 2025 жылға жоспарланған 46 іс-шараның 37-і немесе 80 пайызы орындалып, қалғанының іске асырылу қорытындысы күтілуде.

Депутаттық корпуспен өзара іс-қимыл да айтарлықтай күшейді. Аудандық

мәслихаттағы фракция депутаттары елдегі өзекті мәселелерді тұрақты көтеріп, олардың шешіміне тікелей ықпал етіп келеді. Депутаттар сайлауалды бағдарламаларын орындауда қысқы жылу маусымына дайындық, ағын су тапшылығы, каналдарды тазалаудан өткізу, әлеуметтік мәселелер, аяқ жолдар, жолдарды асфальттау, ойын алаңшаларын салу, көшелерді жарықтандыру секілді өзекті мәселелерді қарастырып, аудан әкімін, орынбасарларын, жергілікті атқарушы органдардың және коммуналдық салалардың есебін тыңдады, өзекті мәселелерді бірлесе қарастырып ортақ шешімдер қабылдадық. Сонымен қатар биылғы жылы депутаттар тарапынан 230-ға жуық депутаттық сауал жолданып, тиісті жауап алынып, 85 пайызы өз

13 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ТЕМІРЖОЛ ҰЛТТЫҚ ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ:

Жақында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында ұлттық мүдделерге, экономикалық өсімге және халықаралық бәсекеге қабілеттілікке тікелей қатысы бар елдің көлік-логистикалық әлеуетін нығайтудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Мемлекет басшысының бұл негізгі ұстанымдары экономиканың барлық саласы үшін, оның ішінде жалпы теміржол саласы үшін, атап айтқанда «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ үшін бағдар болып табылады.

Президент атап көрсетті: «Еліміз үшін көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру — стратегиялық маңызы бар міндет. Теңізге тікелей шығатын жолы болмаса да, Қазақстан Еуразия құрлығының кіндік тұсында, яғни негізгі транзиттік күрежолдар тоғысқан жерде орналасқан. Бұл — үлкен артықшылық, біз оны ел игілігіне жарата білуге тиіспіз. Максат-мүддемізге сәйкес Қазақстанды Еуразияның көлік айлағы (хабы) ретінде қалыптастыру — бұл салада атқарылатын жұмыстың басты бағыты....».

Бұл сөздер көлік инфрақұрылымын дамытудың ұзақмерзімді көрінісін анықтайды және теміржолдың отандық тауарларды сыртқы нарықтарға жылжытуды, транзиттік ағындарды кеңейтуді, халықаралық ынтымақтастықты күшейтуді және жаһандық логистикалық тізбектерге интеграциялауды қамтамасыз ететін негізгі элемент ретіндегі рөлін нақты көрсетеді.

Саяси ерік-жігер мен дәйекті мемлекеттік саясаттың арқасында өршіл жобаларды іске асыру, инфрақұрылымды нығайту, заманауи технологияларды енгізу және, сайып келгенде, бизнес пен азаматтар үшін көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру, тұтас өңірлерді дамыту



ПРЕЗИДЕНТТІҢ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ – ҚТЖ-ның 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСЫМДЫҚТАРЫ

үшін жағдайлар жасалуда. Өйткені жаңа магистраль өтетін барлық жерде дерлік уақыт өте келе жаңа елді мекендер пайда болады. Жолдар бойында станциялар, деполар, шеберханалар, содан кейін мектептер, дүкендер және бүкіл тұрғын аудандар салынуда.

Темір жолы жұмыс орындарын құрады: құрылысшылар мен машинистерден бастап логистерге және магистральдың жанында жиі ашылатын ірі зауыттар мамандарына дейін. Мәселен, жолдардың айналасында жаңа экономикалық аймақтар қалыптасып, өңірлер дамуға қуатты серпін алуа.

Мысалы, «Достық — Мойынты» учаскесінде екінші желі құрылысы өткізу қабілетін арттыра отырып, үлкен мультипликативті әсер берді, бұл Қытайдан Еуропаға жүктерді жеткізуді едәуір жеделдетіп, елдің транзиттік әлеуетін нығайтты. Сонымен қатар мұнда жаңа жолдар жергілікті өндіріске серпін берді: 1,5 миллион шпал, 100 мың тоннадан астам рельс, 2 миллион текше метр киыршық тас. Бұл ретте оның 85% Қазақстанда жасалғаны маңызды. Жоба құрылыс және теміржол материалдарын шығарудан бастап, бұрын Қазақстанда өндірілмеген көпір конструкцияларын қоса алғанда, күрделі инженерлік шешімдерді игеруге дейінгі қузыретердің жаңа көкжиектерін аша отырып, отандық өнеркәсіп үшін қуатты драйверге айналды. Мұнда 80 кәсіпорын, 2 500 адам және 1 113 бірлік техника жұмылдырылды.

Бүгінде жаңа учаскелердің құрылысы жалғасуда, ал желіні дамыту жоспарлары кеңейе түсуде. Теміржол инфрақұры-

лымды дамыту елдің дамуын тікелей білдіретін салалардың бірі болды және болып қала береді.

Сонымен компания тағы бір серпінді жобаны жүзеге асыруда: «Бакты — Аягөз» магистралі, 300 км жаңа желі — елдің транзиттік қуатын нығайтуға бағытталған стратегиялық қадам. Бұл жобаны іске асыру Қазақстанның Шығыс пен Батыс арасындағы негізгі буын ретіндегі ұстанымын күшейтеді.

Қытай бағытындағы тасымалдау қабілеті қолданыстағы түйісу пункттерін жаңғырту және «Бакты — Тачен» үшінші шекара өткелін салу есебінен үш еседен астам (жылына — 30-дан 100 млн тоннаға дейін) өседі деп күтілуде.

Ал «Мойынты — Қызылжар» жобасы — Қарағанды және Ұлытау облыстары үшін ғана емес, бүкіл ел үшін көлік мүмкіндіктерін дамытуға қуатты серпін беретін жаңа теміржол артериясы.

Сонымен қатар жаңа желі маршрутты 7-ден 30 сағатқа дейін қысқартыды және тәулігіне 30 жүп пойызды өткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жоба шамадан тыс жүктелген жерлердің жүктемесін түсіреді және транзитті жылдамдатады. Бұл жай ғана инфрақұрылым ғана емес, жаңа жұмыс орындары, экономиканың дамуы. Шынында да, әлемдік логистикадағы, цифрландырудағы және сауда ағындарын трансформациялаудағы қарқынды өзгерістер жағдайында Қазақстанға транзиттік аумақтың рөлінен экономикалық дәліздердің толыққанды қатысушысына өту маңызды. ҚТЖ осы міндетке өз үлесін қосуда — жаңа теміржол желілерін салу және негізгі учаске-

лерді жаңғырту арқылы компания инфрақұрылымды дамытуға, өндірістік тізбектер мен логистикалық экожүйелерді құруға ықпал етуде. Экономикалық дәліз тек жеткізу жолы ғана емес, қайта өңдеуді, экспортты ынталандыратын және елдің жаңа экономикалық географиясын қалыптастыратын қуатты өсу драйвері болып табылады.

Тек соңғы 6 жылда ғана Қытайға астық жүктерінің экспорты Қазақстанның аграрлық өнім жеткізушісі ретіндегі стратегиялық маңыздылығын растай отырып, тандай қақтырарлық және тұрақты өсуді көрсетіп отыр. Өңделген өнімді қолдауға бағытталған құрылымдық өзгерістер қазақстандық жем экспортына қуатты серпін берді: екі жыл ішінде құрама жем тасымалдау көлемі 18 есеге өсіп, 2025 жылы 3,2 млн тоннадан асты. Бұл өз кезегінде қазақстандық өндірістің дамуына, жаңа қайта өңдеу кәсіпорындарының құрылуына және астық тасымалдарының, оның ішінде ұнтақ өнімдері мен құрама жем — шөптердің жалпы көлеміне серпін берді, Қытайға 15 есе өсіп, рекордтық 4,3 млн тоннаға жетті — бұл логистиканың терең трансформациясының, экспортты әртараптандырудың және агросектордағы қосылған құнның өсуінің нәтижесі болып табылады.

Осылайша, тұтастай алғанда, Президент қойған міндеттер тұрғысынан ҚТЖ іс-шаралардың тұтас кешенін іске асыру бойынша дәйекті түрде жұмыс істеуде:

— Негізгі теміржол бағыттарының, соның ішінде Қытай — Еуропа және Қытай — Орталық Азия бағыты бойынша өткізу қабілетін нығайту.

— Инфрақұрылымды жаңғырту және тасымалдау тиімділігін, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға және технологиялық шығындарды қысқартуға ықпал ететін цифрлық шешімдерді енгізу.

— Транзиттік дәліздерді дамыту, оның ішінде Солтүстік — Оңтүстік жобасына белсенді қатысу, сондай-ақ халықаралық стандарттарға бағдарланған заманауи логистикалық экожүйені құру.

— Жылжымалы құрам мен жолдың жай-күйіне үздіксіз мониторинг жүргізуді, басқаруды автоматтандыруды және жедел шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін озық цифрлық платформалар мен талдамалық жүйелерді енгізу.

Бүгінгі таңда теміржолдың рөлі қарапайым көлік қызметі шеңберінен асып түседі — ол экономикалық драйверге, сауда-экономикалық байланыстарға, логистикалық қолжетімділікке, өнеркәсіптік өсуге және өңірлік дамуға арналған платформаға айналады.

Қазақстанның көлік хабын нығайту — жұмыс орындарын құрудан және өңірлік дамуды қолдаудан бастап адами капиталды дамытуға және инновацияларды енгізуге дейінгі кең ұлттық контексте жүзеге асырылады. Бұл жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі шетелдік әріптестермен ынтымақтастық, стратегиялық халықаралық жобаларды іске асыру және Қазақстанның ірі халықаралық көлік дәліздерін дамытуға қатысуы болып табылады.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жаңа теміржол желілерін салып қана қоймай, қолданыстағы учаскелерді жаңғыртуда — компания елдің өндірістік әлеуетін күшейтетін, қайта өңдеуді, логистикалық инфрақұрылымды, экспорттауды және дамуды ынталандыратын толыққанды экономикалық дәлізді қалыптастыруға стратегиялық үлес қосуда.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жаңа теміржол желілерін салып қана қоймай, қолданыстағы учаскелерді жаңғыртуда — компания елдің өндірістік әлеуетін күшейтіп, қайта өңдеуді, экспортты және логистикалық инфрақұрылымды дамытуды ынталандыратын толыққанды экономикалық дәлізді қалыптастыруға стратегиялық үлес қосуда.

Осындай қадамдардың арқасында ҚТЖ Қазақстанды еуразиялық сауданың аса маңызды буынына айналдырып, еуропалық нарықтарға тікелей жол ашып, елдің жаһандық көлік-логистикалық хаб ретіндегі ұстанымын нығайтады.

Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ,
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы

ДӘРІГЕРЛЕР ДӘН РИЗА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» деп аталатын сұхбатына байланысты ой айтқан, пікір білдірген азаматтар, оқырмандар аз емес. Редакцияның электронды поштасына түрлі хат келіп жатыр. Олардың арасында Қызылорда облыстық денсаулық сақтау саласы ардагерлері де бар. Ардагер азаматтар Президент сұхбатын ел дамуының бағдарын айқындаған ойлар ретінде бағалапты. Атап айтқанда, Президенттің «Мемлекет мұғалімдерге және медицина саласының қызметкерлеріне өте жақсы қолдау көрсетті. Олардың жалақысы бірнеше есе өсіп, қоғамдағы мәртебесі де арта түсті. Бұл дер кезінде қабылданған орынды шешім болды», — дегені, расында да, саладағы оң өзгерістерге берілген баға екеніне тоқталған. Әрі жалпы медицина саласы мамандарын қолдаудың жүйелі саясатына алғыс айтты.



«Адамзат үшін ең маңызды құндылық, бірінші байлық денсаулық екенін ескерсек, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі көрсеткіштерінің бірі де — халық денсаулығы.

Осы орайда Сіз өзіңіздің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі»

атты халыққа Жолдауыңызда денсаулық сақтау саласын дамытуға ерекше мән бердіңіз. «Пандемия туындатқан дағдарыс бізді көп нәрсеге үйретті. Мәселен, дәрігердің еңбегін бағалай білетін болдық» дей келе, ақ халатты абзал жандарды қолдаудың жаңа тетіктерін айқындауды тапсырған едіңіз.

Сіздің тапсырмаңызбен қазір денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне жан-жақты қолдау жасалуда, оларға тұрақты түрде материалдық, рухани қамқорлық көрсетіліп келеді», — делінген ардагерлер хатында.

Әлбетте, сала ардагерлері бүкіл саналы ғұмырын денсаулық сақтау саласына арнап, өздеріне жүктелген жауапкершілікті терең түсініп, бар білімі мен тәжірибесін, қажыр-қайратын халықтың амандығы жолына жұмсап келе жатқаны даусыз. Ал Мемлекет басшысы оларды ерен еңбегін сезіне, түсіне біліп, сала қызметкерлерін қолдаудың үздік үлгісін көрсетті.

«Атап айтар болсақ, медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруға бағытталған заңды қабылдадыңыз, бүгінде олардың қызмет барысындағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңға қол қойдыңыз. Егемендігіміздің нышаны ретінде «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» атағын қалпына келтірдіңіз. Өз кезегінде бұл тың бастамаларыңыз дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің мәртебесін көтеріп, қоғамның біртұтастығын қамтамасыз етуге ықпал ететіні анық», — дейді ардагерлер.

Мұндай қолдаудың игілігін көріп жатқан аймақ дәрігерлері, орта, кіші буынды медицина қызметкерлері Президентке дән риза екенін жазған хатқа Қызылорда облысын денсаулық сақтау саласы ардагерлері атынан Қазақ ССР еңбек сіңірген дәрігері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Тұрғанбай Маханов, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Парасат» орденінің иегері Бакыт Пиржанова, «Қызылорда облысының құрметті азаматы», «Құрмет» орденінің иегері Абдулла Шуленбаев, «Құрмет» орденінің иегерлері Раиса Күзденова, Сағындық Шәмшиев, «Шапағат» медалінің иегері Гүлмира Жұмашева, SENIM денсаулық сақтау жүйесі салалық кәсіподағының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Сәулебек Ысқақов қатарлы азаматтар қол қойыпты. Сала ардагерлері денсаулық сақтау қызметкерлері өздеріне деген қамқорлықтың жалғаса береріне сенімді екенін, медицина мамандары ел үшін аянбай еңбек ететінін атап өткен. Сонымен бірге Президентке ерекше ризашылығын білдірді.

А. СҰЛТАН

ГАЗ ЖЕТКІЗУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Кейінгі үш жылда «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Атырау облысында шамамен 220 шақырым газ желісі тартылып, шалғайдағы 8 елді мекен көгілдір отынмен қамтамасыз етілді.



Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Дүйсенбай Тұрғанов Атырау жылу электр орталығының ұжымымен кездесіп, жылу маусымында туындауы мүмкін қиындықтар мен өңірді тұрақты энергиямен қамтамасыз ету мәселелерін талқылады. Кездесуде тариф тұрақтылығына, сондай-ақ азаматтардың жайлы тұрмысына тікелей әсер ететін жылу электр орталығын газбен қамтамасыз ету жұмысына баса назар аударылды.

Атырау жылу электр орталығы қаланы жылу энергиясымен, аймақтың басым бөлігін электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Ал газ жеткізу барысындағы кез келген іркілік немесе жеткізу шартының өзгеруі тарифке және әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей әсер етеді. Бұған дейін Мәжіліс алаңында айтылғандай, қолайсыз жағдай туындайтын болса, электр энергиясының тарифі 41%-ға, ал жылу тарифі 91%-ға дейін өсуі мүмкін еді. Алайда «Тенішевройл» ЖШС мен «QazaqGaz» ҰК» АҚ арасында Атырау ЖЭО-мен жасалған келісімді биыл 30 сәуіріне дейін ұзарту жөнінде уағдаластық бар.

Кездесуде Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкімет биыл 1 тоқсанның соңына дейін тұтынушылардың барлық санаты үшін коммуналдық тариф бағасын қымбаттатпау туралы шешім қабылданғанын еске салды. Бұл шара азаматтарды қорғау және баға қысымына жол бермеу үшін қабылданған.

Мәжілісмен «Тенішевройл» ЖШС-ның «Атырау ЖЭО» кәсіпорнына газ жет-

кізуді тоқтату туралы шешімі өңірдің электр қуатымен және жылумен қамтылуына қауіп төндіріп қана қоймай, қолданыстағы заңнамаға да қайшы келетінін атап өтті.

— «AMANAT» партиясы Атырау жылу электр орталығының газбен толық әрі тұрақты қамтамасыз етілуін талап етеді. Бұл — тұрақты жылумен қамту, тариф қымбатшылығына жол бермеу қадамдарымен тікелей байланысты мәселе. Бұған дейін де атап өткенімдей, қолданыстағы заңнама стратегиялық нысандарға делдалдар арқылы газ жеткізуге тыйым салады. Сондықтан газ жеткізу мәселесін Парламент деңгейінде көтердік. «AMANAT» партиясы фракциясының күш-жігері арқылы уақытша шешім табылды. Енді біз «Тенішевройлмен» ұзақмерзімді ынтымақтастықты қайта жандандыруға және оны жүйелі жолға қоюға күш саламыз. Бұл — өңірдің энергетикалық қауіпсіздігіне қатысты маңызды мәселе», — деді депутат.

Сондай-ақ Дүйсенбай Тұрғанов Мәжіліс депутаттары газбен жабдықтау, тауарлық газды үнемді тұтыну мәселелері жөніндегі заң жобасы бойынша жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Бұл құжат нарықты реттеуге, тұтынушыларды қорғауға және жеке газ тарату ұйымдарына мемлекеттік реттеу жүргізуді күшейтуге бағытталған.

Айта кетейік, кейінгі үш жылда партияның сайлауалды бағдарламасы аясында Атырау облысында шамамен 220 шақырым газ желісі тартылып, шалғайдағы 8 елді мекен көгілдір отынмен қамтамасыз етілді.

Елнар ЕЛТАЙ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген сұхбаты қазақ елінің бүгінгі тыныс-тіршілігінен толық хабар береді. Бір жағынан бұл сұхбат жыл қорытындысына ұқсайды. Ал мазмұны жағынан мемлекеттік биліктің алдағы бірнеше жылға арналған саяси-экономикалық бағытын түсіндіруге арналғанын аңғаруға болады. Президент экономикалық өсім мен реформалар туралы айтқанда, қол жеткен жетістіктерді айтады. Сонымен қатар қоғамдағы түйткілді мәселелерді назардан қағыс қалдырмайды.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН МЕМЛЕКЕТШІЛДІК

Мәселен, Қазақстан экономикасы 6 пайыздан астам өсіп, ішкі жалпы өнім 300 миллиард долларға жеткен екен. Бұл көрсеткіш көңіл көншітсе керек. Алайда Мемлекет басшысы осы өсімнің азаматтардың күнделікті тұрмысына тікелей әсер етпей отырғанын да жасырмайды.

«Инфляция деңгейінің жоғары болуы азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрін текке кетіріп жатыр», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Расында, халықтың тапқан табысын инфляция «жеп» қойып жатыр. Елдің әлеуметтік, тұрмыстық жағдайына байланысты әңгіме болғанда Мемлекет басшысы осындай түйткілерді ашық айтып отыр. Сұхбаттың өне бойында барды бар, жоқты жоқ деп айтып отырғаны мемлекеттің бүгінгі мен ертеніне деген жауапкершіліктің жоғары екенін көрсетсе керек.

Уақыт талабына сай нақты әрекет ету арқылы жағдайды жақсартуға болатынын үнемі қаперге салып келеді. Мемлекет басшысы тығырықтан тез шығудың бір амалы ретінде жасанды интеллектіні дұрыс пайдалануға баса маңыз береді.

Жасанды интеллект пен цифрландыру саласын дамытуда мамандандырылған ғылыми-зерттеу университеті ашылатынын айтты. «Жоғары деңгейде жасанды интеллект туралы заң қабылданды, жаңа заң жақында күшіне енеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Alem, Cloud және AI-Farabium деп аталатын екі суперкомпьютер іске қосылды. Көп ұзамай Жасанды интеллект мамандандырылған зерттеу университеті ашылады». Бұл мемлекеттік бастама ретінде жарияланды және салалық реформалар шеңберінде қарастырылып отыр. Бұл бағытта: білім саласында AI-Sana бағдарламасы іске қосылған; оның бірінші кезеңінде 650 мыңға жуық адам жасанды интеллект негіздерін оқып, сертификат алған. Жасанды интеллект пәндері 90-нан астам университеттің оқу жоспарларына енгізілді, 20 жоғары оқу орны 25 жаңа бағыт ашыпты. Сондай-ақ профессор-оқытушылар мен студенттерді тереңдетіп оқытатын курстар мен акселерация бағдарламалары да әзірленіп жатыр.

Ғылыми-зерттеу университетінің ашылуы — жалпымемлекеттік стратегияның бір бөлігі, білім беру мен технологиялық зерттеулерді жүйелі түрде дамытуға бағытталған қадам. Осы арқылы біз жоғары деңгейдегі кадрлар даярлау, инновациялық зерттеу, сондай-ақ жасанды интеллект саласындағы ғылыми жұмыстарды бір орталыққа тоғыстыру сияқты міндеттерді жедел шешетін боламыз.

СЕНІМ СЫЙЛАҒАН СҰХБАТ

Жылдың алғашқы ресми жұмыс күнін көп адам Президенттің «Turkistan» газетінің бас редакторы Б.Бабажанұлынына берген сұхбатын оқудан бастады.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлемді сұхбатта ішкі және сыртқы саясат, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, жүргізіліп жатқан реформалар сияқты аса маңызды мәселелер бойынша ойларын бөліскен. Қоғамда талқыланып жатқан бірқатар жайт бойынша пікір білдірген.

Инфляция мен салық реформасы, тариф саясатындағы түбегейлі өзгерістер туралы мемлекеттік шешімдер жайында барынша түсінік берген.

Президент айлығы шайлығына жетпей отырған халықтың мәселесі кешенді жұмыстың арқасында ғана шешілетінін айтты. «Халықаралық сарапшылар Қазақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Ашығын айтайын, бұл — экономика туралы оқулықтан алынған жалпылама ұғым емес, күн сайын көптеген азаматымыздың басынан өтіп жатқан өмір шындығы. Жұрт табыс тауып жатыр, тіпті жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ оның бәрін инфляция жеп қояды», — деп Президент ашы шындықты атады.

Тұрғын үй-коммуналдық саланың да жыры басылмай тұр. Жұмыс барысымен ауыл тұрғындарымен кездескенде, ұзақ жылдар бойы азаматтар жол, ауызсу мәселесін көтеретін. Бюджеттің басым бөлігі де осы бағыттарға бөлінетін. Осының арқасында көп елді мекендерге жол жөнделіп, су жетті. Соңғы жылдары электр, жылу, көріз жүйесіне қатысты келесі мәселелер күн тәртібінде. Бұл саладағы нысандардың жобалық-сметалық құны бірнеше миллиардтан басталады. Үкімет осы нысандарға қаржы бағыттауда.

Шынымен де, Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Осының



Сұхбаттың соңғы жағында Қасым-Жомарт Тоқаев жеке болмысы мен мінез-құлқы туралы сұрақтарға да ашық жауап берген екен. Мемлекет басшысы жеке өмірін жария етуден гөрі, өзінің кәсіби ұстанымы мен өмірлік қағидаттарына айрықша мән беретінін аңғартады. Тоқаевтың алғашқы мамандығы — қытайтанушы. Президент осы саланың өзі табандылық пен ұқыптылықты талап ететінін атап өтеді. «Мәтінмен жұмыс істеуге әбден дағдыланғанмын, нашар стильді, әсіресе, әріп қатесін суқаным сүймейді. Жолдауларымды, сөйлейтін сөздерімді, мақалаларымды, тіпті әріптестеріме жолданатын хаттардың бәрін тікелей өзім қарайтынымды аппараттағылардың барлығы біледі», — деді.

Президенттің саналы ғұмыры негізінен тәртіп пен жауапкершілікке толы екенін білеміз. Мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен. Бұл оның дүниетанымы мен мінезіне де әсер еткендігі анық. Осы тұста ол өзі туралы қысқаша ғана сипаттайды: «Сіз кімісіз?» деген сұрағымызға қысқаша ғана «мен — мемлекетшіл адаммын» деп жауап береді», — деді Тоқаев.

Мемлекет басшысының ұстанымы — жауапкершілік. Өмірлік қағида — мемлекетшілдік. Біздің көптеген шенеуніктерімізге осы екі нәрсе жетісе бермейтінін де көріп жүрміз.

Бір сөзбен айтқанда, бұл сұхбат жылдағы дәстүр негізінде, дәл Жаңа жылдың беташар тұсында беріліп отыр. Мұның өзі тектен-тек емес. Ескі жылға есеп, жаңа жылға жоспар деп қабылдасақ та болады.

Нұрғөре ЖҮСП, Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы



арқасында нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі азайды. Жаңғырту шаралары ұзақмерзімді жұмысты қажет етеді.

«Шынымды айтайын, жеке абыройымды ойласам, мен де бұл жұмысты келесі басшылыққа ысыра салар едім. Бірақ халықтың көзі үйренген таптаурын түсініктерге қайшы келсе де, мен үшін қағаз жүзінде емес, іс жүзінде нақты нәтижеге қол жеткізу бәрінен де маңызды», — деп Президент ағынан жарылады.

Жалпы, сұхбатта Мемлекет басшысының халықшыл позициясы, ертеңге деген айқын көзқарасы, нақты бағдары көрінеді, қарапайым қазақстандықтарға сенім сыйлайды.

Әсем РАХМЕТОВА, Сенат депутаты



Мемлекет басшысының сұхбатын оқып шыққаннан кейін әр азамат эмоцияны ысырып қойып, айтылған ойларға сал-қынқандылықпен талдау жасауы керек. Сонда алдымызда айқын бір стратегиялық прагматизм тұрғанын көреміз. Осы сұхбат мен үшін бірнеше іргелі тұжырымды айқындады. Бірінші, көшбасшылық пен менеджмент. Питер Друкердің «Менеджмент — істі дұрыс істеу, ал көшбасшылық — дұрыс істі істеу» деген сөзі бар. Бұл сұхбатта Президент дәл осы көшбасшылықты көрсетіп отыр.

Саясаткерлер «лайк» қуып, сайлаушының көңіліне қарап жалтақтайтын жаһандық популизм дәуірінде ол «дұрыс істі істеу» (Doing the right thing) жолын таңдауда. Тіпті ол шешімдер уақытша қолайсыз көрінсе де. Ол «мемлекет маған қарыз, бәрін мемлекет шешуге тиіс» деген инфантильді көзқарасты емес, жауапты серіктестік моделін ұсынуға.

Екінші, мемлекеттегі ахуалға қатысты Президент артық пессимизмге де, даңғаза оптимизмге де ұрынбай, байсалды әрі шынайы көзқарас білдірді.

Метафорамен айтсақ, біздің экономика сырттай әулім сарайға ұқсайды (ІЖӨ



Президент әділ салық саясатын қалыптастыру — тұрақты дамудың негізі екенін тағы бір мәрте айқындап берді. Қазіргі кезде салық жүйесін онтайландыру, цифрландыру және көленкелі экономиканы азайту — уақыт талабы. Мемлекет басшысы

ПАРАСАТ ПЕН ПРАГМАТИЗМ

Модернизацияның дайын рецепі жоқ. Әр ұлттың өз бағыты, өз жолы бар. Президентіміздің «Turkistan» газетіне берген сұхбаты бізге сол картаны түсінуге жақсы мүмкіндік береді. Бұл — ересек адамдарға арналған «ересек мемлекеттің» ұстанымы. Ал ересектерде, құр ғажайыпқа сенудің орнына жоспар және оны жүзеге асыратын ерік-жігер болады.

өсіп жатыр, көрсеткіштер жақсы), бірақ ішкі инженерлік жүйелері күрделі жөндеуді қажет ететін үй секілді. Президент әлемі қасбеттің ар жағындағы проблемаларды ашық айтуға дайын басшы ретінде көрінді: инфляцияны тежеу, логистиканы дамыту, жүйелік реформалар — мұның бәрі сол «үйдің» құламай, берік тұруы үшін қажет.

Үшінші, «Анти-Гэтсби» көзқарасы. Сұхбаттың ең терең қабаты — құндылықтар мәселесі. Модернизация — Батыстың институттары мен идеяларын механикалық көшіру емес. Бұл — заманауи құндылықтарды өз мәдени қолымызға сіңіру үдерісі. Президент әлеуметтік процестерді терең түсінетінін көрсетті. Батыстың серпілісі кездейсоқ пайда болған жоқ — оны еңбек этикасы мен қарапайымдылықты дәріптеген Реформаация, білім мен ғылымды қолытқа айналдырған Ағартушылық, жекеменшік пен құқық үстемдігін орнықтырған жүйе қалыптастырды. Шығыстың да өз жолы бар: конфуцийлік этика, тәртіп, меритократия, білім құлты және қоғам алдындағы жауапкершілік.

Біздің модернизация — солардың соқыр көшірмесі емес, заң, білім, технология, еңбекқорлық пен этиканы ұлттық болмысымызға үйлестіру. Президент «даңғойлық» пен ренталық өмір салтына қарсы. Еңбек пен Білім құлтын ұсынады. Бұл — «көріңуге» емес, «болуға» үндейтін философия.

Төртінші, жалған мүгедектер мен «аграрлық олигархтар» туралы айтылған

ойлар да өте маңызды. Президент тек шенеуніктерді ғана емес, мемлекетті алдауға дағдыланғандарды да сынға алды. Бұл — «билік үнемі кінәлі, ал қарапайым адам әрдайым мінсіз» деген жалған шаблоннан бас тарту.

Нағыз әлеуметтік әділеттілік — көмекті схемамен иеленетіндерге емес, шынымен мұқтаж жандарға беру.

Бесінші, жасанды интеллект — стратегиялық таңдау. 2026 жылды Жасанды интеллект жылы деп жариялау — елді «орташа табыс тұзағынан» және шикізатқа тәуелділіктен шығаруға бағытталған маңызды қадам. Президент NVIDIA басшысының «көк жейделілер» туралы сөзін бекерге келтірген жоқ: болашақта код пен құралдың, жұмысшы мамандардың маңызы тең болатынын жақсы түсінеді. Жұмысшы мамандықтарына басымдық беру, жаңа марапаттар, Жұмысшы мамандықтар жылы — бәрі бір жүйелі стратегияның бөлігі.

Алтыншы, Сталин мен Троцкий мысалы — сәттік конъюнктураға жасалған ашы ишара. Президент «лайк» пен трендтің тарихта қалмайтынын жақсы түсінеді. Тарих шуды емес, нәтижені сақтайды. Бұл дискурстың құбылмалығын түсінудің және тарихи ойлаудың маңызын көрсетеді.

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы

ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЫМЫЗ АЙҚЫН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген сұхбаты елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріне серпін берер маңызды пікірлерге толы болды. Әсіресе, Президенттің салық жүйесіне қатысты айтқан тұстары назар аударуға тұрарлық.



бұл мәселеде ашықтық пен әділеттікті қамтамасыз ету қажеттігін баса айтты. Президенттің сөзі салық саясатының қоғам мүддесіне сай жаңғыруға тиіс екенін көрсетті. Ендігі кезекте нақты қадамдар мен жүйелі реформа қажет. Халықпен кері байланыс орнатып, тиімді әрі әділ салық жүйесін құру жаңа экономикалық үлгінің өзегі болуға тиіс.

Әсіресе, көп табыс табатын азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру қажеттігі туралы пікірі қоғамда қызу талқыланып жатыр. Бұл — табысы жоғары мен төмен топтар арасындағы алшақтықты қысқартып, әлеуметтік теңгерімді қамтамасыз етудің бір жолы. Сұхбат барысында салық саласындағы реформаға, экономикалық, энергетикалық және коммуналдық секторларға, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, туризм, жасанды интеллекттің дамуы мен цифрландыру мәселелеріне назар аударылды. Сонымен қатар ядролық энергетика, зансыз ісменденген активтерді мемлекетке қайтару, сыбайлас жемқорлықпен күрес, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет, қарулы күштердегі ахуал,

жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты өзекті сұрақтарға жауап беріле отырып, алдағы кезеңнің мәні мен мазмұны жүйелі түрде түсіндірілді.

Егемендік алған күннен бастап Қазақстан күрделі тарихи кезеңдерден өтті. Тар жол, тайғақ кешуді артқа тастап, мызғымас мемлекеттілік пен біртұтас ұлт ретінде қалыптасты. Осы жолда жеткен жетістіктеріміз — тәуелсіздіктің нақты жемісі.

Президенттің айтуынша, Тәуелсіздіктің 35 жылдығы — тек мерейтой ғана емес, үлкен жауапкершілік кезеңі. Бұл белес бізден ішкі тұтастықты, әділ қоғамды, тиімді мемлекет құру жолындағы нақты істерді талап етеді. Осы ретте Мемлекет басшысы саяси реформаларды жалғастырып, ұлттық бірегейлікті нығайту, білім, мәдениет, ғылым және экономика салаларындағы жаңғыру жұмыстарын күшейту қажеттігін баса айтты. Тарихты ұлықтап, жасампаз болашаққа жол салу — бүгінгі ұрпақтың міндеті. Президент сөзі — елдің даму бағытының тұғырлы бағдары.

Осы тұрғыда, Мемлекет басшысының жүйелі бастамаларын іс жүзінде орындау бағытында бірлесе еңбек ету — барша-мыздың азаматтық борышымыз.

Нұрлан БЕКНАЗАРОВ, Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы

ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЛІК АЙЛАҒЫ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында елімізде орындалып жатқан оңды өзгерістер мен қоғам тарапынан орын алып жатқан түсініспеушіліктерге байланысты қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап берді. Еліміздің дамуы жолындағы реформаларға қатысты, оның ішінде бір палаталы Парламентке басшы болуға таласы жоғын айтты.

Мемлекет басшысының бастамасымен барлық салада жүзеге асырылып жатқан жұмыстар бойынша ілгерілеу бар. Экономикалық көрсеткіштер мен өндірістік өсім өсіп келеді. Еліміз тауар өндіруші мемлекет ретінде керекті көлік-логистика саласының әлеуетін арттыруды стратегиялық міндет санайды.

Бұл тұрғыда Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тенізге тікелей шығатын жолы болмаса да, Қазақстан Еуразия құрлығының кіндік тұсында, яғни негізгі транзиттік күреждарлар тоғысқан жерде орналасқан. Бұл — үлкен артықшылық, біз оны ел игілігіне жарата білуге тиіспіз. Мақсат-мүддемізге сәйкес Қазақстанды Еуразияның көлік айлағы (хабы) ретінде қалыптастыру — бұл салада атқарылатын жұмыстың басты бағыты.

Осы орайда жақында іске қосылған «Достық — Мойынты» жаңа теміржол магистралінің мән-маңызын атап өткім келеді. Бұл жоба осы жол арқылы Қытай мен Еуропа арасында тасымалданатын жүк көлемін бес есе арттыруға мүмкіндік береді. «Мойынты

— Қызылжар», «Бакты — Аягөз», «Дарбаза — Мақтаарал» теміржол желілерін жобадан іске қосу жоспарымызда тұр. Жалпы, 2030 жылға дейін 5 мың шақырым теміржолды салып, жаңғырту және 11 мың шақырым теміржолды жөндеу көзделіп отыр.

Ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін астықты жоспарлы өндіру қолға алынды. Өңірлерде инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, көптеген кәсіпорын ашылып жатыр. Оның ішінде өнімді терең өңдеуге бағытталған жобалар жетерлік. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде астық пен үн экспорты рекордтық деңгейге жетті, Президент өнім жеткізілетін елдердің географиясы кеңейе түскенін, мұның — егін шығымдылығы мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға арналған нақты шаралар екенін атап өтті.

Ендігі меже мал шаруашылығын дамыту екені сөзсіз. Президент 2035 жылға қарай әлемде мал етіп тұтқын көлемінің 233 миллион тоннаға дейін өсетінін, соған сәйкес оның импорты 27 миллион тоннаға дейін



артатынын айтты. Мемлекет басшысы «Қазақстанның, сыртқа, әсіресе, Азия елдеріне ет шығаратын ірі экспорттаушыға айналатын мүмкіндігі бар. Сондықтан былтыр қарашада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы дәл осы мал шаруашылығы саласына арналды», — деді.

Мемлекет басшысының ел дамуында алға қойған мақсаттарының орындалуына сәттілік тілейміз.

Қайрат БАЛАБИЕВ, Мәжіліс депутаты

13 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЖИ ЖЫЛЫ – ЖАҢА СЕРПІН



(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Мұнын сыртында өңірлердегі цифрлық трансформацияның серпіні, IT-индустрияның дамуы бағамдалады. ЖИ-ге негізделген шешімдерді экономика мен мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу мәселелері пысықталады. Бұл тұрғыда телекоммуникациялық инфрақұрылым мен киберқауіпсіздікті дамытуға, өңірлік IT-хабтардың әлеуетін арттыруға, ХККО цифрлық кеңселерін трансформациялауға, Smart City жобаларын жүзеге асыруға, экономиканың нақты секторын тегіс цифрландыруға баса мән берілуге тиіс. Әкімдіктер осы аталған әрбір бағыт бойынша өңірлік ерекшеліктер мен нысаналы көрсеткіштерді ескеретін ұсыныстары мен тәсілдерін Үкіметке ұсынуға міндетті.

Дәл осындай цифрландыру мен ЖИ-ді кең енгізу жоспарларын түзу және Үкіметке ұсыну орталықтағы әрбір министрліктен де талап етілмек. Мысалы, Әділет министрлігі заң шығару саласына ЖИ-ді молынан енгізу жоспарын жариялады. Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың айтуынша, ведомство норма шығару барысын цифрландыру және бизнес-процестерді автоматтандыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу үстінде. «Нақтыласам, заң жобаларын жасау, жалпы, норма шығару саласына жасанды интеллект агентін ендіру бойынша шаралар қабылдап жатырмыз. Аталған ЖИ-агент заң, нормативтік-құқықтық актілерді шығару барысының толық циклін — идея-бастаманы тудырудан бастап оны жүзеге асыруға дейінгіні қамтиды, сондай-ақ норма қабылданғаннан кейінгі жүзеге асырылуына мониторингті сүйемелдейді», — деді Е. Сәрсембаев.

Өз кезегінде Үкімет Қазақстандағы Цифрландыру және ЖИ жылында төл жұмысының басым бағыты — экономиканың

барлық саласына ЖИ технологияны енгізу болатынын белгіледі. Премьер-министр Олжас Бектенов нықтағандай, жаңа цифрлық өнімдердің енгізілуінің оң нәтижесін әр азамат сезінуге тиіс. Бұған дейінгі жылдары мұның салмақты іргетас-базасы қаланғанын ескерсек, мұның тіпті де асылық айтқандық емесін, қолдан келетін шаруа екенін түсінуге болады.

ЦИФРЛАНДЫРУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР ҚАНДАЙ?

Сонымен, бұған дейін мемлекет осы салада қандай жетістіктерге жетті? Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің деректеріне жүгінсек, 2025 жыл қорытындысында Қазақстанда 2 606 ауылдық елді мекен жоғары жылдамдықты интернетке қосылыпты. Қазақстанда 6 мыңнан астам ауылдық елді мекен бар. 2026 және 2027 жылдары соның 3 мыңнан астамы (соның ішінде биыл — 1 900 ауыл) талшықты-оптикалық байланыс арқылы жоғары жылдамдықты интернетке қосылуға тиіс. Сөйтіп, Ж.Мәдиевтің сендіруінше, халықтың 99%-ы жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізеді.

Сондай-ақ былтыр Алматы мен Астанада қуаттылығы 7,4 МВт болатын екі жаңа деректер орталығы (Data-center) пайдалануға берілді. Биылғы жылы жиынтық қуаты 12,9 МВт болатын тағы 3 ұқсас деректер орталығын іске қосуды жоспарлап қойды. Жаслан Мәдиевтің дерегінше, «ЖИ қозғалысы» бастамасы іске асырылып, оның аясында 1 миллионға жуық адам оқытылды. Ғылым мен бизнес үшін екі қуатты суперкомпьютер іске қосылды. AlemGPT көп агентті платформасы әзірленді. Alem.ai халықаралық ЖИ орталығы құрылды. Президенттің тапсырмасымен мамандандырылған ЖИ университетінің концепті түзіліп жатыр.

Халық тарапынан цифрлық қызметтерге деген сұраныс тұрақты түрде өсіп келеді. 2025 жылы eGov Mobile қосымшасы арқылы 54 миллионнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Елестетіп көріңізші, егер осының бәрі электронды түрде көрсетілмегенде, қазақстандықтар 54 миллионнан аса қызметті алу үшін тиісті мемлекеттік мекемелердің алдында ұзын-сонар, шетсіз-шексіз кезек түзер еді.

Былтырғы жыл қорытындысы бойынша қазақстандық IT-қызметтер экспортының көлемі 1 млрд долларға жуықтады. Заңнамалық база қалыптастырылды: Президент 2026 жылғы 9 қаңтарда Цифрлық кодекске және осы салада әкімшілік жауапкершіліктің жаңа түрлерін енгізетін ілеспе заңдарға қол қойды. Есептеу қуатын сатып алу қамтамасыз етілді. Үкімет бұл жұмысты жалғастырады. Президент қойған міндетке сай, Қазақстан озық технологиялар саласында цифрлық шешімдер мен қызметтерді сәтті жасап, табысты сата білетін жетекші елдердің қатарына кіруге ұмтылатын болады.

Әйткенмен, сарапшылар бұл бағыттағы елдің жетістіктері әлі де шағындау болып қалып отырғанына назар аудартып жүр. Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және ЖИ жылына арналған Үкіметтегі кеңесте IT-сектор өкілдері бүгінде күнделікті өмірде кеңінен қолдануға арналған шешімдер жетіспейтініне тоқталды. Қарапайым қазақстандықтардан бастап, ірі бизнеске дейін қолданатын технологиялар, тіпті бағдарламалық қамтылым — шетелдік.

Венчурлік қаржыландырудың жетіспеуі, мемлекеттік қолдаудың мардымсыздығы, ішкі нарықтың тым шағындығы кесірінен отандық стартаптардың басым көпшілігі жоба деңгейінен әрі аса алмай, жабылып қалып жатады. ЖИ министрлігі былтыр «мақсатты, нысаналы капиталы» 1 млрд долларға жеткізілетін алашқы венчурлік

қор құрылғанын мәлімдеді. Мұнда бірнеше кілттипат бар. Біріншіден, осы қорға салынған инвестиция 115 млн доллар ғана болды. Екіншіден, сарапшылардың түсіндіруінше, ол қор стартаптарды тек кейінгі сатыларда қолдайды екен. Содан бұрынғы жылдары салаға жауапты министрлік, лауазымды шенеуніктер мемлекеттік деңгейде дәріптеген біраз инновациялық жоба жабылып тынған, не шетелге, соның ішінде көрші Ресейге кетіп, сол жақта жүзеге асырылған.

Компаниялар жаңа прототиптерді ұсынумен ғана шектелмей, оларды толық аяқтап, іс жүзінде қолдануға дейін жеткізуі керек. Жалпы, цифрландыру экономикамен және күнделікті өмірмен қатар дамып қана қоймай, олардың ажырамас бөлігіне айналуы керек. Бұған көрші Қытай үлгі бола алады. Кез келген салаға, қандай да бір жобаға цифрлық шешім мен ақпараттық технология қажет болса, ол ішкі нарықтан табыла кетеді. Үкіметтегі жиында тілге тиек етілгендей, осы деңгейге көтерілуге Қазақстанда, әсіресе ТКШ, құрылыс, өнеркәсіп және ауылшаруашылық саласында сол бойы сақталған ескірген әдістер мен талаптар кедергі екен. Мысалы, Президент қанша тапсырса да, құрылыста BIM-модельдер енгізілмеген. Өндірістерді роботтандыру, ауыл шаруашылығында IT-шешімдерді енгізу қарқыны тым баяу. Бұл тиімді жобалау мен басқару мүмкіндіктерін шектейді.

ҰЛЫ КӨШТЕР ЖЫЛЫ

Осыған байланысты Премьер-министр уәкілетті органдарға биыл экономикаға елеулі әсері болатын практикалық цифрлық шешімдерге назар аударуды тапсырды. Қазіргі заманғы қауіп-қатерлер мен төтенше жағдайларға қарсы тұру құралдарын жасауға ерекше көңіл бөлінбек. Сондай-ақ ЖИ дамыған сайын алаяқтық жағдайлардың да анағұрлым жетілген түрлері пайда болу қаупі бар екені ескерілді. Сондықтан Ішкі істер, Жасанды интеллект министрліктері осындай әрекеттерді тиімді анықтау және тану тетігін әзірлеуге міндеттелді. Қоғамның цифрлық шешімдер мен онлайн-платформаларға деген сенімін нығайтатын құралдар мен цифрлық шешімдерді жетілдіруде тұрақты проактивті жұмыс жүргізудің маңыздылығы атап өтілді.

Қорыта айтқанда, Цифрландыру және ЖИ жылы аясында Үкімет жауапты министрліктерге мынадай міндеттер белгіледі: атаулы жылды сәтті өткізу үшін оған кәсіби қоғамдастық пен халық кеңінен жұмылдырылады. ЖИ министрлігіне қантар соңына дейін бұл жылдың іс-шаралары тізбесін анықтау, Digital Qazaqstan стратегиясын әзірлеуді жеделдету тапсырылды. Заңнамалық өзгерістерді жұртшылыққа кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.

Бұған қоса, ЖИ мемлекеттік секторда да белсенді енгізілуге тиіс. Оны қолдану атүсті автоматтандыруға емес, қалыптасып

қалған процестерді қайта қарауға, мемлекеттік функцияларды орындаудың барынша тиімді модельдеріне көшуге және бюрократиядан арылуға әкелгені маңызды. Ұлттық экономика министрлігіне Стратегиялық жоспарлау агенттігімен және өзге мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, цифрландыруды кенейту, басқарудың барлық деңгейіндегі функцияларды қайта қарау, біраз функцияны ЖИ-ге беру жүктелді.

Барлық министрдің цифрлық орынбасары пайда болмақ. Олар ЖИ министрлігіне бағынады: бұл ведомство ЖИ-вице-министрлердің, яғни CDO қызметінің нәтижелеріне сапалық талдау жүргізеді және жоғарыға тиісті есеп береді. Жасанды интеллект министрлігі бұлардың 2026 және одан кейінгі жылдарға арналған жаңа көрсеткіштерін белгілейді.

Айтқандай, биылғы жыл «ұлы көштерімен» тарихта қалуы мүмкін. Біріншіден, ақпараттық жүйелердің сенімділігін арттыру үшін мемлекеттік Tier-III деңгейіндегі деректерді өңдеу орталығы жұмыс істейді. ЖИ министрлігі I тоқсанның соңына дейін ақпараттық жүйелерді осы жаңа деректер орталығына (Дата-орталығына) көшіруді аяқтауы қажет. Мұның азаматтардың деректерін қорғау деңгейін арттыруға мүмкіндік беретіні айтылды.

Екіншіден, осы жылдың соңына дейін Каспий теңізінің түбімен Әзербайжанға тартылып жатқан талшықты-оптикалық байланыс желісін — кабель құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Ол аяқталған соң Қазақстан ғаламторды Батыстан тікелей тартуға көшеді. Әйтпесе, республикаға интернет-трафик Ресей арқылы келеді, ал РФ болса, шетелдік интернетті бұғаттап тастап, окшаулануға берік ден қойды.

Үшіншіден, Қазақстанда жаңа электронды Үкімет пайда болады, ол QazTech-ке көшеді. Президент Жарлығына сәйкес, биылдан бастап дәл осы платформадан тыс үкіметтік ақпараттық жүйелерді әзірлеуге қатаң тыйым салынды. Өңірлерде және орталықта жаңа бірінғай платформаға көшіру үшін барлық жүйеге техникалық аудит жүргізіледі.

Биыл, ЖИ министрінің мәліметі бойынша ХККО-лар (ЦОН) Apple Store форматында өзіне-өзі қызмет көрсетуге көшіріледі. Яғни, қазіргі терезе артында қызмет көрсетуші қызметкерлер отырған орталықтар ЖИ қызмет ететін «цифрлық офистерге» трансформацияланады.

Әзірге eGov-та мемлекеттік қызметтердің 91%-ы онлайн қолжетімді. Порталда қазірдің өзінде азаматтарға арналған ЖИ-көмекшісі (ИИ-ассистент) енгізілді. Ал 2026 жылы, ЖИ министрлігінің хабарлауынша, eGov QazTech көмегімен жаңа архитектурада құрастырылатын болады. Қалай болғанда, биылғы жылы ірі өзгерістер жоспарланып отыр. Олар қаншалықты табысты іске асырылып, елге қандай игілік (әлде қиындық) әкеледі, оны тәжірибе көрсетеді.

СЕВОРАНҒА СЕНІМ БАР МА?

Бүгінде балалар арасында тіс ауруы және тіске құрт түсу, тіс жегісі сияқты түрлі проблема көбейіп кетті. Мұның себебін әр маман әртүрлі түсіндіреді. Бірі тәтті тамақ пен газдалған сусынның салдары десе, енді біреулер ата-ананың олақтығынан көреді. Елімізде жыл сайын қанша баланың сүт тісін емдейтіні жайлы нақты статистика жоқ. Бірақ әлеуметтік желідегі жұрттың пікіріне, жеке стоматологияның көбеюіне қарап, бұл көрсеткіштің жоғары екенін байқауға болады.

Көктем ҚАРҚЫН

ЖЕКЕ КЛИНИКАЛАРҒА КҮМӘНМЕН ҚАРАУ КЕРЕК

Ал тіс емдеуде дәрігерлердің жиі қолданатын препараты — севофлуран. Яғни, севоран — газ арқылы берілетін наркоз. Ол баланы терең ұйқыға кетіріп, ауырсынуды сездірмей, дәрігерге барлық қажетті емді бір уақытта жасауға мүмкіндік береді. Әлемдік медицинада бұл әдіс стоматологияда ғана емес, балалар хирургиясында да кең қолданылады. Ғылыми тұрғыдан алғанда, севоран — балалар анестезиологиясында зерттелген, халықаралық тәжірибеде қолданылатын препарат. Дұрыс доза, кәсіби анестезиолог және толық бақылау болған жағдайда ол салыстырмалы түрде қауіпсіз деп есептеледі. Алайда баласының тісін севоранмен емдетемін деп қайғыға душар болған отбасылар да бар. Былтыр Астанада 3 жастағы қызының тісін емдетуге апарып, ата-анасы одан қапыда «айырылып» қалған болатын. Қайғыдан қан жұтып отырған отбасы қызының өліміне кінәлі клиникамен соттасты да. Сот барысында сараптама деректері жарияланды. Сарапшылардың қорытындысы бойынша, ми ісігі севоран анестезиясы дұрыс жүргізілмегеннен пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар жергілікті ауырсынуды басатын лидокаиннің дозасы балаға тым көп егілген. Жартылай қалпына келмеген өкпе функциясы мен қабыну фонында севоранды төрт жарым сағат бойы

қолдану өткір гипоксияға (оттегінің жетіспеушілігіне), жүректің тоқтауына және ми ісігіне әкелуі мүмкін. Бір ескере кететін жайт, кішкентай қыз тісін емдердің алдында пневмониямен ауырған, бірақ клиника бұл деректі ескермей, бірден 18 тісін емдемек болған. Прокурордың айтуынша, анестезиолог пен стоматолог педиатрмен кеңесіп, қан талдауын (АИТВ, гепатит және басқа инфекциялар) жасауға міндетті болған. Алайда клиника бұл талаптарды орындамаған. — Қазір тас лақтырсаң, стоматологияға тиелі. Бұрын баланың сүт тісін емдепті дегенді сирек еститініміз. Бірақ қазір севоранмен тіс емдеу бизнеске айналып кеткендей. Ата-ананың қалтасынан кемі 100-200 мың тенге кетеді. Былай қарасаңды, балаға тәтті бермей, күнде жатарда тісін тазалап, витаминдер берсе, мұндай проблема болмас еді, — дейді дәрігер Несібелі Сүндетова.

Бұл жағдайда қоғам жеке емханалардың жауапсыздығын сынға алып отыр. Министрлік осы жағдайдан кейін ауқымды тексеріс жүргізіп, былтыр 100-ден астам стоматологиялық клиниканың қызметінде заңбұзушылық анықталған.

— Жоспарға сәйкес, 350-ге жуық мекеме тексерілді. Жартысынан стоматологиялық қызмет көрсету стандарттарының сақталмағанын анықтадық. Мысалы, тек Жамбыл облысында 10 нысан жабылды. Еліміз бойынша заңбұзушылықтар анықталған стоматологиялық клиникаларға 30 млн теңгеге дейін айыппұл салынды, — деді Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев.

Оның айтуынша, севоран — бұл бүкіл әлемде, соның ішінде стоматологияда кеңінен қолданылатын және қауіпсіз дәрі-дәрмектердің бірі. Дегенмен бұл дәрі-дәрмекті пайдалану кезінде барлық стандартты қатаң сақтау қажет.

СЕВОРАННЫҢ БАҒАСЫ АРЗАН ЕМЕС

Шынымен де, «қазір севоранмен тіс емдейміз» деген жарнама жер жарып тұр.



Елор КАЗАХ (colleage)

Елде тек мүгедектігі бар балалар севоран арқылы тісін тегін емдетеді. Қалғаны жеке емханаға баруға мәжбүр. Бағасы да арзан емес. Кешенді емдеу бағасы орташа есеппен — 500 мың тенге. Анар Ахмет баласының тісін севоранмен емдемес бұрын, бірнеше ай дайындалғанын айтты.

— Баламның тісін енді емдетеміз дегенде, мұрнынан су ағып, жөтеліп қалады. Қайта-қайта қан тапсыру да балаға стресс. Енді барамыз деген кезде анестезиолог хабарласып, емдеуден 3 күн бұрын дәрі ішу керек екенін айтты. Сонымен, қан талдаулары дұрыс болған соң емханаға апарып, баламның қол-аяғын қысып ұстап отырдым. Мұрнына маскамен газ берді. 1 минуттай тыпырлап, балам сылқ ете қалды. Ана болған соң жүрегім ауырды. Емдеу 3,5 сағатқа созылды. Маска аузында тұрғандықтан, айналасы қызарып кетіпті. Содан тегін деп барған севоранымызға, анау деп, мынау деп 420 мың тенге төлетті, — дейді Анар Ахмет.

Ал стоматолог Аида Айбынқызының айтуынша, севоран — ең қауіпсіз наркоздың түрі. Баланың сүт тістерін емдететін ата-аналар ақылды. Себебі сүт тістердің түсіп қалуы, астынан шығатын тұрақты тістің қисаюуына әкеледі. Баланың жақ сүйегінің сыртқа шығып кетуі немесе ішке кіруі де осы кезден басталады. Балалардың тісжегі тез өбілді. Бұл да сүт тістердің анатомиясына байланысты.

— Баланың тісін емдеу кезінде біз ең алдымен оның жасына және тіс жүйесінің даму кезеңіне назар аударамыз. Себебі балаларда ауыспалы тістесу кезеңі болады: бұл уақытта сүт тістер біртіндеп түсіп, олардың орнын тұрақты тістер басады. Осы кезеңде жасалатын кез келген қате әрекет баланың болашақ тіс саулығына тікелей әсер етуі мүмкін. Сол себепті сүт тісті ерте жұлып тастауға болмайды. Егер тіс негізсіз алынып тасталса, оның орнындағы тұрақты тіс кеш шығуы немесе мүлде шықпай қалу

қаупі бар. Сүт тіс — уақытша болса да, ол тұрақты тіс үшін бағыттаушы қызметін атқарады. Сондай-ақ сүт тістерді емдеу барысында оның астында орналасқан тұрақты тістің бастамасын зақымдап алмау аса маңызды, — дейді стоматолог.

Оның айтуынша, севоран — балалар тісін емдеуде қолданылатын оң шешім. Ал балаға қауіп төндіретін препарат емес, дәрігердің қателігі. Ауыр реакциялар көбіне препаратқа емес, организмнің ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан наркоздан бұрын жүрек, тыныс алу, зат алмасу жүйесі мен тұқым қуалайтын тәуекелдерді тексеру қажет. Тексерулерден кейін ғана анестезиолог ең қауіпсіз наркоз нұсқасын, мөлшерін таңдайды.

Тістің қызметі тек ас шайнау десек қателесеміз. Тіс — адамның тула бойын қамтамасыз ететін негізгі сүйек. Ал дырыс күтілген тіс 100 жылға дейін қызмет етеді. Ендеше баланың тісін севоранға жеткізбей-ақ сақтап қалайық.

АЙМАҚ

13 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ



ҚАРСЫЗ ҚЫС –
ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫС

Биыл Алматыда тағы да қыс қарсыз басталды. Кейінгі жылдары қалыптасқан мұндай ауа райы мамандарды ғана емес, қала тұрғындарын да алаңдата бастады. Шаһарға қыс кірген бойда түшкірік маза бермей, аллергиямен алысатындар көбейген. Аурудың асқынуына қазіргі қарсыз ауа райы бірден-бір әсер етуші фактор болып саналады. Алматыда экологтар жасыл экономикаға көшу қажеттігін айтып дабыл қақса, ақ халаттылар мұндай кезеңде бірқатар ауру түрінің ушығу қаупін ескертеді.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

**ӨНІМ КӨЛЕМІ 15-25 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН
ҚЫСКАРУЫ МҮМКІН**

National Geographic басылымы Nature журналында жарияланған мынадай маңызды деректерді ұсынады. Журналда жарық көрген зерттеулерге сәйкес, климаттың өзгеруі әлем бойынша дәнді және майлы дақылдардың өнімділігіне елеулі қауіп төндіреді. Ғалымдардың болжамынша, Қазақстандағы бидай өсетін негізгі алқаптарда өнім көлемі 15-25 пайызға дейін қысқаруы мүмкін. Десе де, отандық ғалымдар «қазіргі климаттың өзгерістер әзірге шаруашылыққа аса ауыр зардабын тигізе қойған жоқ» дейді. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті «Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасының профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Тастан Атақұлов соңғы бидай өнімінің көлемі өткен жылдармен салыстырғанда көбірек болғанын жеткізді.

— Кейінгі жылдары температураның жоғары болуы Қазақстанға елеулі зиян келтіре алған жоқ. Мұның артында технологияның күшін пайдаланған ғалымдарымыздың еңбегі жатыр. Мәселен, бір жылдары елімізде астықтан 18 млн тонна бидай жиналса, кейін 22 млн тонна, ал өткен жылдың қорытындысы бойынша 27 млн тонна бидай жинап отырмыз. Әрине, егер жаһандық жылыну процесі жалғаса берсе, ол ауыл шаруашылығына кері әсерін тигізбей қоймайды, — деді ол.

The Guardian басылымы таяуда жариялаған мақаласында ғалымдардың зерттеулері мен бірқатар болжамын ұсынған. Басылымның жаузынша, әлем дәнді дақылдарға, оның ішінде бидай, күріш және жүгеріге зиянкестерден келетін шығындар күрт өсетін кезеңге жақындап келеді. Ғалымдардың болжамынша, жаһандық жылыну +2 градусқа жеткен кезде бұл шығындар 46%, 19%, 31%-ға дейін артуы ықтимал. Мұндай қауіптің барын ғалымдарымыз да жоққа шығармайды.

— Дәл қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы үшін ең басты қауіп — ауа райы. Өйткені ауа райының құбылуына байланысты зиянкестер көбейеді. Жыл сайын қаншама гектар жердегі өнімімізді зиянкестер зақымдап жатыр. Ерекше атап өтерлік міндет, біз суармалы егіншілікті дамытуға көңіл бөлуіміз тиіс. Ол үшін суды үнемдеп пайдалануға көшуіміз қажет. Өсімдіктің өсіп-өнуіне кепілдік беретін бағыттың бірі осы деп есептеймін. Расында, климаттық тұрғыда былтыр өзгеше жыл болды. Өткен жылдың күз айларында жауын-шашын мен қар мөлшері аз тіркелді. Бұл топырақ құрамындағы ылғалдың азаюына, тіпті келешекте жойылуына алып келеді. Мүмкін алдағы көктем айларында жандыр көбірек жауса, ылғал артатын шығар. Әзірге бұл жағдайға қатысты елімізде нақты ғылыми болжам жоқ. Ылғал болмаса, еккен тұқымның жердің бетіне шықпайды. Ал дәл қазіргідей қыс айында жер бетінде қардың болмауы күздік дақылдарға кері әсерін тигізеді. Олар негізінен қыс бойы қалың қардың астында жатуға тиіс, — деді Тастан Атақұловы.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА 10 МИЛЛИОН АДАМҒА
ТАЗА АУЫЗСУ ЖЕТПЕЙДІ**

Профессордың сөзінше, қар жамылғысының жұқа болуы көктемгі егіс науқанына әсер етіп қана қоймай, химиялық препараттарды көбірек қолдануға мәжбүрлейді.

— Қысқы уақытта ауа райы температурасының төмен болуы зиянкестердің көзін жоюға көмектеседі. Ал жағдай керісінше болса, мамандар зиянкестермен химиялық әдіс арқылы күресуге тура келеді. Бұл үшін далаға шашу деген сөз. Ауаға у шашылғаннан кейін ол экологияға, жайылымда жүрген жануарлардың денсаулығына қауіп төндіреді. Бүгінде еліміз өнеркәсіпте органикалық өнім өндіруге көңіл бөліп келеді. Қазірдің өзінде химиялық тынайтықыштарды аз пайдаланып, биологиялық әдістермен органикалық өнім өндіруге кірісіп кеттік. Болашақта толығымен осы әдіске көшсек, экология үшін тиімді шешім болар еді, — деді ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы.

БҰҰ-ның бағалауынша, 2050 жылға қарай құрғақшылық салдарынан жер сайын Орталық Азияның ЖІӨ-нің 1,3 %-ы жоғалуы мүмкін. Бұл кезде аймаққа келетін мигранттар саны 5 миллионға жетуі ықтимал.

— Қазір Қазақстанда су тапшылығы мәселесі аса өзекті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір екі сөзінің бірінде су тапшылығын азайту мәселесін алға тартады. Мемлекет басшысы шаруашылықта суды үнемдейтін әдістерді енгізу арқылы суармалы жерлердің көлемін ұлғайту қажеттігін күн тәртібіне қойды. Қазіргі кезеңде біз қордағы бар суымызды тиімді пайдалану арқылы ғана дақыл өнімдерін асырай алуымыз мүмкін. Қазақстанда су қоры аз. Барлық өзеннің бастауы шетелден ағып келетіні белгілі. Егер олар суды жапқан жағдайда, біз оның ауыр зардабын көреміз. Елімізде жауын-шашын мен қар аз жауса, су тапшылығы қиын мәселеге айналайын деп тұр, — деді Т.Атақұлов.

**384 МИЛЛИОН АДАМ:
ӨКПЕ АУРУЫ ЖІП ТІРКЕЛЕДІ**

Жылы қыс пен инверсия құбылысы тыныс алу Жауруларын одан сайын асқындырып отыр. Статистикаға сүйенсек, қазіргі уақытта әлемде 384 миллион адам созылмалы обструктивті өкпе ауруына шалдыққан. Қазақстанда бұл диагноз әр 100 мың тұрғынның 300-500-інде анықталады. Сырқаттанушылық деңгейі бойынша аймақтар арасында Алматы көш бастап тұр. Осыған дейін Almaty Air Initiative қоры мегаполис тұрғындары арасында сауалнама жүргізген еді. Жалпы саны мың адам қатысқан зерттеу нәтижесі бойынша тұрғындардың 80 пайызы лас ауаның денсаулығына кері әсер бергенін байқаған. Дәлірек айтсақ, олардың 39% — аллергиялық реакция, 40% — бас ауруы, шаршау және бас айналу, 23% — қан қысымы жоғарылауы, 35% тыныс алу қиындағанын атап көрсеткен.

Пульмонолог Абзал Малбасқанов кейінгі апталарда тыныс жолы ауруларымен жүгінетін науқастар жілегенін айтып отыр. Оның сөзінше, қыстың қарсыз басталуының салдары қараша айының соңы мен желтоқсан айының басында-ақ анық байқалды. Жауын-шашын болмаған кезеңде ауадағы шаң мен зиянды бөлшектер жиналып, қаланың экологиялық ахуалы күрт нашарлаған. «Кейіннен қар жауып, жауын-шашын түскен соң ауаның біршама тазарғанын тұрғындар өздері де сезінді» дейді ол.

— Қазір бізге тыныс алу ауруларына байланысты науқастар жиі келеді. Себебі жауын-шашын аз болған кезде ауада РМ2.5 және РМ10 сияқты ұсақ шаң бөлшектері жиналып қалады. Бұл бөлшектердің қауіпі — олардың ағзаға терең еніп, қабыну үдерістерін күшейтуінде. Қарсыз қыс, әсіресе, өкпенің созылмалы аурулары бар адамдарға ауыр тиеді. Мұндай кезеңде пневмония және тыныс алу жолдарының басқа да ауру түрлері жиі асқинады. COVID-19 инфекциясынан кейін көп адамның өкпесінде созылмалы қабыну қалып қойған. Өкпенің шырышты қабаты қабынған кезде ауа өтетін жолдар тарылып, енгізу пайда болады. Ал ауаның химиялық заттармен ластануы шырышты қабаты қабындырып, түшкіру, құрғақ жөтел және тыныстың тарылуына әкеледі, — дейді Абзал Малбасқанов.

Мамандық пікірінше, жауын-шашын болмаған кезде ауа құрғап, шаң-тозаң ауада ұзақ уақыт сақталады. Бұл өкпеге түсіп, пневмонияның дамуына себеп болады. Ал аязды күндері ауа тазаралы, сондықтан кейі адамдардың денсаулығы керісінше жақсара түседі. Пульмонолог таза ауаның адамның жалпы көңіл күйі мен иммунитетіне тікелей әсер етуші фактор екенін негізге алды.

Сөз соңында пульмонолог жауын-шашын азайып, аспанды түгін тұмшалаған уақытта тұрғындарға бетперде тағуға кеңес береді. Сонымен қатар мүмкіндігінше қала сыртына шығып, таза ауамен тыныстау денсаулыққа пайдалы дейді.

— Біз науқастарға нақты мынадай дәрі-дәрмек пен екпе пайдалан деп айта алмаймыз. Иммунитеттің 90 пайызы адамның күнделікті ішіп-жеген тағамына байланысты. Сондықтан жартылай дайын өнімдерден гөрі құнарлы, ыстық тамақ тұтынуға көңіл бөлген жөн, — деп түйіндеді дәрігер.

Қарсыз әлі жылы қыс онсыз да көк түтіннен көз ашпайтын Алматының экологиялық мәселесін одан сайын ушықтыра түсті. Синоптиктердің сөзінше, қыстағы жылы ауа райы 80 жылда бір келетін құбылыс. Жасыл экономикаға көшу арқылы ауаны ластаушы факторлармен күресу — бүгінгінің уақыт күттірмейтін негізгі міндетіне айналып отыр.

АУЫЛДАР АУРУХАНАСЫЗ
ҚАЛА МА?

Ақмола облысының аудандары мен ауылдарында аурухана, емдеу пункттері, дәріхана тәрізді денсаулық сақтау саласы мекемелерінде қордаланған мәселе көбейіп келеді. Бір мекеменің ғимараты тозса, біреуінің қызмет көрсетуіе арнайы рұқсаты жоқ, тағы бір мекеме өзге себептерге байланысты жұмысын тоқтатқан. Демек, ақмолалықтар үшін бас ауырып, балтыр сыздаса жүгінер орын табу мұң болады деген сөз.



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

**МЕДИЦИНАЛЫҚ
КӨМЕК ЖЕТПЕЙДІ**

Аймақта биыл үш бірдей аудандық аурухана әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылан-дыруынан айырылуы мүмкін. Яғни, бұл дегеніміз — үш ауданның халқы түгелдей ешқандай медициналық көмексіз қалу қаупі барын көрсетеді. Бұған ауруханаларда күрделі жөндеу басталып, ол аяқталғанша медицина-лық ұйымдар санитарлық-эпидемиоло-гиялық қорытынды ала алмайтыны себепкер болған. Өйткені бұл меди-циналық қызмет көрсетуге қатысу үшін міндетті құжат болып табылады.

Ауылдық елді мекендердегі ден-саулық сақтау орындарындағы жағдай туралы Ақмола облыстық мәслихаты-ның әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының кезекті отырысында мәлім болды. Тіпті аймақта аталған ауруханалардан да басқа санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының еш рұқса-тынсыз жұмыс істейтін медициналық мекемелердің саны жетерлік екені аталды. Облыстық санитарлық-эпи-демиологиялық бақылау департа-ментінің ресми мәліметінше, мұндай олқылықтар тағы 335 нысанда анықталған. Олардың екі жүзден астамы мектептердің медициналық кабинеттері мен ауылдық медицина-лық пункттер мен дәрігерлік амбула-ториялар болып шықты.

**«ҚЫСҚА ЖІП КҮРМЕУГЕ
КЕЛМЕЙДІ»**

Өңірдегі ондаған ауданда ауруха-налар мен амбулатория ғимараттары-ның өбден тозығы жеткенін осыған дейін де жазғанбыз. Кейбірі тіпті ап-аттық жағдайға жетсе де, күні бүгінге дейін жұмыс істеуге мәжбүр болған. Мәселен, Сандықтау ауданына қарасты Каменка және Лесное ауылдарындағы ондаған жыл бұрын пайдалануға беріл-ген дәрігерлік амбулаториялар қазіргі уақытта апаттық жағдайда тұр. Бірнеше жылдан бері мұндағы медициналық қызметкерлер мен ауыл тұрғындары медициналық ғимараттардың қабыр-ғалары қақырап, сылағы түсіп жатқа-нын айтып зар илеп келеді. Жаңбыр жауса, ескі нысандардың төбесінен су сорғалап, қыс түссе іші аса суық болып тұр.

Сандықтау аудандық ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Александр Коноваловтың айтуынша, бұл амбу-латориялардың құжатының бәрі дерлік дұрыс. Барлық рұқсат құжат мен лицензиясы бар, тіпті ғима-раттарды апатты деп тану туралы техникалық қорытындыларына дейін бар. Бар мәселе тағы да ақшаға келіп тірелген.

— Жаңа ғимараттардың құрылы-сын салуға бюджеттік өтінімдер жолданған. Қаражаттың бөлінуін күтіп отырмыз, — дейді Александр Коновалов.

Лесное ауылдық округының әкімі Нұрлан Қасымовтың айтуынша,

ауыл амбулаториясы жақсы жұмыс істейді. Халық көмекке жүгініп дер кезінде медициналық көмек алады. Мұндағы медицина қызметкерлеріне жақын мандағы тағы бес ауылдың адамдары қатынайды. Алайда, ғима-раттың апаттық жағдайда екенін ауыл әкімі де мойындады.

— Иә, ғимарат апаттық жағдайда тұр. Жыл сайын мұнда косметикалық жеңіл жөндеу ғана жүргізіліп, одан әрі жұмыс істей беруге мәжбүр, — дейді ауыл әкімі.

Ауыл амбулаторияларының жағ-дайына алаңдаған жергілікті кәсіп-керлер осыдан екі жыл бұрын мұз болып қатқан мәселенің тоңын жібітпек болып жана ғимараттардың құрылысына жобалық-сметалық құжаттамаларының қаржысын өз күшімен төлеп те берген екен. Әр жобаның құны 5-7 миллион теңгеге жетіп жығылған. Бірақ облыс бюд-жетінде аталған ғимараттар құрылы-сына күні бүгінге дейін қаражат табылмаған.

Біржан сал ауданына қарасты Макинка ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның да жағдайы осыған ұқсас. Бірақ бұл медициналық ұйым-ның не санитарлық-эпидемиология-лық қорытындысы, не медициналық қызметке лицензиясы да жоқ болып шықты. Дегенмен медициналық ме-кеме еш кедергісіз жұмыс істеп тұр.

ҮМІТ ПЕН КҮДІК

Ауыл тұрғындары Олесь Самош-кина мен Анна Стрижконны айтуын-ша, жақында ауылдағы жалғыз дәріхана да жабылып тынған. Енді, жұрт ауылдан 20 шақырым қашық-тықта орналасқан Макинск қаласына дәрі үшін баруға мәжбүр болған. Ең қиыны, егер дәрігер қажет болса, халық іргедегі Макинске емес, онда-ған шақырым қашықтықта жатқан Степняк қаласына баруға тура келеді. Өйткені ауыл географиялық жағынан Макинсктен таяқ тастам жерде бол-ғанымен, Біржан сал ауданына қар-айды. Ал аудан орталығына көлікпен кемінде қырық минуттан астам жол жүруге мәжбүр.

Біржан сал ауданына қарасты Макинка амбулаториясы аймақтағы санитарлық дәрігерлердің қорытын-дысынсыз жұмыс істейтін жалғыз медициналық мекеме болмай шықты. Мұндай жағдай өңірдің бірнеше ауданында да қайталанған. Облыстың бас санитар дәрігері Серік Омарханов-тың мәліметінше, Зеренді, Аршалы, Целиноград, Жарқайың, Ақкөл және Атбасар аудандарындағы ауылдардың медициналық пункттерінде тиісті нормаларға сәйкес келмейтіндері жетерлік. Тек өткен жылы ғана тиісті қорытындыларының болмауына байланысты Астрахань ауданына

P.S.

Аймақтағы медициналық ахуалдың бірден түгелдей шешіле қалуы неғайбыл. Дегенмен денсаулық сақтау министрлігінен бастап, саладағы құзырлы органдар мен жергілікті атқарушы органдар түйткілдің түп-тамырынан бастап бірлесе жедел әрекет жасаса, ауылдағы қарапайым жұртшылықтың денсаулығын уақытында қадағалауға мүмкіндігі болар ма еді дейсің...

қарасты Бұлақты, Шілікті және Приишимка ауылдарындағы үш бірдей медициналық пункт жұмысын тоқтатқан.

SENIM денсаулық сақтау қыз-меткерлерінің жергілікті кәсіпода-ғының төрағасы Серік Көкеновтың мәліметінше, Біржан сал ауданында санитарлық-эпидемиологиялық бақылау рұқсатынсыз 13 бірдей фельдшерлік-акушерлік және меди-циналық пункттер жұмыс істейді. Халық саны нормативтерге сәйкесуге тиіс болғанымен, жеті ауылда ешқандай медициналық пункт жоқ болып шықты. Яғни, іс жүзінде медициналық қызметкерлер науқас-тарды үйінде қабылдап келеді. Ал Ақкөл ауданында 21 медициналық пункттің тек екеуінде, яғни Наумовка және Радовка ауылында ғана рұқсат құжаттары бар болып шықты. Қалған 19 мекеме заңнаманың қатаң талапта-рына сәйкес келмейді.

— Біз жедел қадағалау шараларын жасаймыз. Құжаттарды сотқа жібе-реміз. Дегенмен бірде-бір сот олар әлеуметтік нысандар болғандықтан, қызметін тоқтатқан жоқ. Лауазымды тұлғалар айыппұлдар алып, жұмыс-тарын жалғастырып отыр, — дейді Ақмола облыстық СЭС департа-ментінің басшысы Серік Омарханов.

Түйткілді мәселенің түйінін тарқату үшін облыстық көпбейінді аурухананың директоры әрі облыстық мәслихаттың депутаты Нұрлан Жаров жағдайды түзете алмайтын медицина-лық ұйымдардың жабылғаны жөн санайтынын жеткізді.

Дегенмен Серік Омарханов мәселені шешуге болатынына сенімді. Аймақтағы 136 медициналық пункттің отызы ешқашан СЭС қорытындысын ала алмайды. Өйткені үй-жайлары тиісті нормаларға еш сәйкес келмейді. Бірақ басқаларында ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, су тартып, мәселені шешуге болады. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Ермек те қорда-ланған мәселенің біртіндеп болса да шешуге болатынына сенімді.

— 2022 жылы менің басшылы-ғыммен облыстың барлық 562 меди-циналық ұйымына мониторинг жүргізілген. Оның қорытындысы бойынша сол сәтте олардың 336-сы ешқандай талаптарға сәйкес келмей-тіні, жүзден астамы бейімделген ғимараттарда орналасқаны анық-талды. Бұл мәліметтерді мен Үкіметтің алдында да айтып бердім. Ол кезде мұның бәрін қалпына келтіру үшін 220 миллиард теңге қажет болған. Бірақ жұмыс жүргізіліп келеді. Қазір тістік нормаларға сәйкес келмейтін ұйымдардың саны айтарлықтай қысқарған. Алдағы үш жылда олардың саны барынша қысқарады деген сенімдемін, — дейді Нариман Ермек.

Алайда шаңғай ауылдарда ауыр-тпалықтың бәрін күнделікті басынан өткіріп жатқан дәрігерлер мұнымен келісе қоюы екіталай. Өйткені көбінің жалақысы төмен. Тұрғын үй мәселесі аса өткір. Ауылдық медициналық мекемелердің бәрі аудандық ауруханалардың қарауында. Ал медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалының дерегінше, қаржыландыру келісімшарттарының өзі әрбір медициналық пункттермен жекелей емес, ауылдарға қаражатты бөлетін аудандық ауруханамен жасалады. Яғни, бұл жерде аудандық ауруханалардың қаражатты үнемдеп қалуды көздейтеіні тағы бар. Бүгінде облыс ауруханаларының несмелік қарызы екі миллиард теңгеден асып жығылғаны мәлім болды.

ҚМГ зауыттары 2025 жылдың қорытындысы бойынша өндірістік
көрсеткіштердің ең жоғары тарихи межесіне жетті

Жедел деректер бойынша отандық мұнай өңдеу зауыттары 13,6 млн тонна жеңіл мұнай өнімдерін өндірді. Бұл 2024 жылғы деңгейден 1,18 млн тоннаға артық және 2023 жылғы көрсеткіштерден 1,55 млн тоннадан асып түсті.

2025 жылы өңделген шикізаттың жиынтық көлемі 17,46 млн тоннаны құрап, 2024 жылмен салыстырғанда, 0,7 млн тоннаға көп болды.

Операциялық тиімділікті арттыру есебінен барлық мұнай өңдеу зауыттарында жеңіл мұнай өнімдерінің өнімділігі 78%-ға жетті, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 4% жоғары. Жыл қорытындысы бойынша мұнай өңдеу тереңдігі 90% құрады (2024 жылмен салыстырғанда өсім — 2,6%).

Негізгі жетістіктердің бірі — дизель отыны 6,14 млн тоннадан асатын рекордтық деңгейде өндірілді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда, 850 мың тоннаға артық. Сонымен қатар бензин өндіру көлемі 400 мың тоннаға ұлғайды, бұл ішкі нарықтың қажетін қамтамасыз етуге және елімізде отын тапшылығын болдырмауға мүмкіндік берді.

Жалпы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-ның мұнай өңдеу зауыттары жоғары өндірістік нәтижеге қол жеткізді:

Атырау мұнай өңдеу зауытында 5,47 млн тонна мұнай өңделіп, жеңіл мұнай өнімдерін шығару көлемі 77% құрады. Атырау МӨЗ-і 1,8 млн тонна автобензин

және 1,9 млн тоннадан астам дизель отынын өндірді. Өңдеу тереңдігі — 88%.

2025 жылы тоқтаусыз жұмыс істеген Шымкент мұнай өңдеу зауыты 6,23 млн тонна мұнай өңдеді. Жеңіл мұнай өнімдерін өндіру деңгейі 82% құрады. Көсіпорын 2,28 млн тоннадан аса бензин және 2,1 млн тоннадан аса дизель отынын шығарды. Өңдеу тереңдігі — 88%.

Павлодар мұнай-химия зауытында мұнай өңдеу көлемі 5,76 млн тонна болса, жеңіл мұнай өнімдерінің өнімділігі 74,3%-дан асты. Зауыт 1,7 млн тоннаға жуық автобензин және 2,1 млн тоннадан аса дизель отынын өндірді. Көсіпорында өңдеу тереңдігі 94%-ға жетті.



13 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ



Ол өнерді есеппен емес, ессіз сүйетіндердің қатарынан. Театрды жан-тәнімен сүйетіні соншалық, «Рөлдің үлкен-кішісі жоқ. Әрқайсысына мұқият дайындалу керек» деп айтады. Театрдағы басты рөлдерінің бірі – Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» спектакліндегі Найман-Ананың рөлі. Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының әртісі, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Жакилинаның образдары қайталанбайды, себебі кейіпкерлерін сомдағанда, әр алуан актрисаны көреміз. Жақында Гүлмира Жакилинамен шығармашылығы, театр және кинодағы қадамы туралы сұхбаттасқан едік.

Гүлмира ЖАКИЛИНА, актриса:

ӨНЕРДІҢ БАҒАЛАНҒАНЫН ҚАЛАЙМЫН

— Гүлмира ханым, бұрыннан шешімей келе жатқан өнердің сан алуан жұмбағын жинақтаған театр әлемінде жүргеніңізге 30 жылға жуықтады. Алғашқы рөл, алғашқы қадам, алғашқы соқпақты еске түсіріңізші.

— Театр – өмірлік мәселелерді шешудің жоғарғы сатысы. Көрермендер әр қойылымнан керегін алып, ой түйсе екен дейміз. Қандай да бір адамгершілік қасиетті бойға сіңіріп жатса, соның өзі — біз үшін жетістік. Мамандықты тандағаннан кейін оны жанмен сүю керек. Сонда ғана жасаған дүниемізге қорытынды шығара аламыз. Театрдағы алғашқы жолым Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облысының қазақ музыкалық-драмалық театрынан басталды. Сол жылдары акын, драматург Баянғали Әлімжановтың «Қожанасыр» пьесасы сахналанған. Пьесада балалы-шағалы, жасы да, пошымы да үлкен аспаз әйелдің образын сомдадым. Бұл менің алғашқы рөлім еді, ол кезде жасым небәрі жиырмада болды. Спектакль аяқталғаннан кейін Мурабек Уайшев келіп арқамнан қағып: «Рәкмет, Гүлмира, жарайсың, үмітті ақтадың»,



— деді. Сол бір ауыз сөзден төбем көкке жетіп, тағы рөл алсам екен, тағы ойнасам екен дедім. Негізі, ол қойылымда айтатын сөзім 5-6 сөйлем ғана еді. Қолындағы ожауымен сахнаға шыққанда: «Ей, сендер мына жерге тамақ ішуге келдіңдер ме?» деген секілді бір ауыз сөз айттым. Дегенмен сахнадағы алғашқы қойылымым болғандықтан, бұл рөл мен үшін ерекше ыстық, жүрекке жақын болды. Сөйтіп, осы рөлімнен жақсы баға алып едім, содан кейін маған қандай рөл берілсе де, бар ынты-шыныммен ойнап шығуға тырысамын. Кейін «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» спектаклінде Баянның рөлін ойнадым. Менінше, әрбір рөлдің өзіне тән қиындығы мен жауапкершілігі бар. Үлкен не кіші рөл болмайды, сондықтан әр образға мұқият дайындалу керек.

Әшірбек Сығай ағамыз мақалаларында «кейіпкержандылық» деген сөзді жиі қолдана-тын еді. Расында, актерге бұл қасиет өте керек. Өйткені кейіпкердің жанына үйіліп, оны түсінбесең, актер сахнадағы орнын жо-ғалтады. Негізі, актердің жаны әйнек сияқты, сындырып алсаң қиын. Себебі қаншама рөлді жаны жұмсақ адам ғана жасай алады.

— «Боранды бекетте» Найман-Ана, «Болма-ған балалық шақта» әже, Оралхан Бөкейдің «Ауыл хикаяларында» ана, «Құштар» спек-таклінде аутист баланың анасы рөлдерін ойнадыңыз. Осындай әркімі тағдыр арқылы қазақ әйелінің бейнесінен не түйдіңіз?

— Бұл спектакльдердің бәрінде бір ананың бейнесі жатыр. Бұл образ өмірде де, сахнада да өзгермейді. Ішкі сыр бірдей болғанымен, бір-бірінен айырып тұратын нәрсе — басына түскен қасірет, ауыр жағдай. Мұндағы әрбір ананың бөлмысын сахнаға алып шығу, көрерменді оған сендіру ең ауыр жауапкершіліктің бірі еді. Мәселен, Найман-Ана рөліне ену өте қиын болды. Бұған екі жарым ай дайындалғанбыз. Найман-Ананың жоғалтқан баласы туған шешесін есіне түсіре алмады. Тіпті, шығармада да жерінді алса да мейлі, суынды алса да мейлі, бірақ адамның ақыл-есін тартып алатын осындай сұмдықты кім ойлап тапты екен дегені бар. Менінше, бұл орайда Найман-Ана әр нәрсенің қадірін білуді үйреткен секілді. Ол — өте ақылды әрі кішіпейіл әйел. «Болмаған балалық шақтағы» ананікінен кем түспейтін әженің немересіне деген шексіз махаббаты көрсетіледі. Баланың айтқан әдемі сөзі бар: «Мені жақсы көретін бір адам, ол тек әжем еді». Осылай ғой, әйелдің ішкі болмысын, ішкі шексіз мейірімін әртүрлі сыртқы қиындықпен жеткізуге тура келеді. Мысалы, жақында QgeEric креатив хабы «Құштар» спектаклін қойып еді, аутизмге шалдыққан баланың анасының образын сахнаға алып шықтым. Мұндағы ана махаббаты басқаша көр-



сетілді. Айтпағым, қандай жағдай болмасын, қазақ әйелінің болмысы, бейнесі ешқашан өзгермейді, тек сыртқа әртүрлі жағдайда көр-сетіледі.

— Өнер жолына келгенде кімдерге шәкірт болдыңыз? Естеліктеріңізді айтып беріңізші.

— Өнердегі ұстаздарым — Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Нұрғанат Жакыпбай және Ғазиза Әбінобіева. Олар бізге көп нәрсені, сахнаның сан қырын үйретіп, шынайы өнердің сырын түсіндірді. Оларды өнердегі әкем мен анам деп айтсам да, артық айтпаймын, үлкен құрметпен қараймын. Себебі сахнаның кейбір нәзік тұстарын ер адамдар түсіндіре алмай қалатын сәттерде, Ғазиза апай бәрін сабырмен, нәзік тілмен түсіндіретін. Ол кісі өз тәжірибесін

ана, әйел, актриса ретінде бізбен бөлісіп, басқа ешкім айта алмайтын кенестерді берді. Маған әрдайым: «Гүлмира, былай жасайық, иә бол-маса, басқаша жасап жіберейік», — деп әрқашан ойын ашық айтып жүретін. Студенттердің барлығын бірдей жақсы көрсе де, маған ерекше көңіл бөлуі бар еді. 1-курста оқып жүргенде, біз толықтау болғанбыз, сол себепті апай: «Гүлмира, енді нан жемейік, бүгіннен бастайық», — деп ұсыныс айтатын. Біз келісіп алып, курста балалар бәліш әкелсе, «апай, ертен бастайық, бүгін жейік», — деп кішіпейілдікпен шешетінбіз. Сол кездер көзді ашып-жұмғанша өтті. «Қарапайым болындар, адам ортаға өнерімен емес, мінезімен сыяды. Неғұрлым қарапайым болған сайын жасаған дүниелеріңдегі басты нәрсе қарапайымдылық-тарын көзге түсіп тұратын болады», — деп санамызға құйып айтып отыратын. Осылайша, ұстаздарымыз бізге қарапайым болуды, сах-нада еркін болуды, әріптеспен үйлесімді жұмыс жасауды, айтылған сөзге оймен жауап беруді үйретті. Қаншама мықты мықты әр-тістерді шығарды. Сондықтан да мықты мұға-лімдерден тәлім-тәрбие алған біз бақыттымыз деп ойлаймын.

— Қойылымның сіз шығатын сахналарында «Мынау Жакилина ғой» деп дауысыңыздан танитын көрермен бар екеніне де күз болғанбыз. Ән айтқанда да өзіңізге тән әдемі ырғағыңыз бар екен. Дубляж саласында жұмыс істеп көрдіңіз бе?

— Шыны керек, дубляжға қызығушылығым жоқ екен. Ойланбаппын да.

— Көрермен талғамы сан тарау. Әрқайсысы өзіне унаған жанрдағы спектакльге келеді. Осындай тандау мүмкіндігі актерлерде де бар ма?

— Менің амплуам — комедия. Дегенмен актер жанрды өзі таңдамауы керек. Актер болу үшін драманы да, лириканы да, комедияны да, басқа жанрларды да ойнай білу қажет. Бірақ менің комедияға деген ерекше сүйіспеншілігім бар. Бекерден бекер комедия ойнау өте қиын демеулі ғой. Адамға күлкі болу әп-сәтте, ал күлдіру — күрделі жұмыс.

— Өнер кеңістігінде сізді не алаңдатыр?

— Бұл кеңістікте кітап оқу аясы тарылып бара жатқан сияқты. Алаңдататыны — оқудың, ізденудің таяздығы. Бізден үлкен буын актер-лерінің де айтатыны осы: сахна адамының образ жасауы, сомдауы бірсарынды, бұрын-ғыдай емес. Мәселен, Асанәлі ағамыз Бекежан болып, Меруерт апайымыз Қыз Жібек болып халықтың есінде қалды ғой. Бұл образдар көрерменмен бірге жасап келе жатыр. Айтпа-ғым, қазір ғұмырға айналған образ жасайтын актерлер өте аз. Өнер аясында актер еңбегінің лайықты бағаланғанын қалаймын. Мәселен, Көкшетау театрында жасы алпыстан асқан актерлер бар. Соған қарамастан, олар ешқан-дай атақ алмаса да, әлі күнге дейін облыстық театрларда тынымсыз еңбек етіп жүр. Кейде «халықтың махаббаты тұрғанда атақ пен мара-паттын қажеті қанша?» деп ойлаймын. Алайда өз-өзіне есеп беріп, «осы уақытқа дейін мен не тындырдым?» деп сұраған сәтте, бұл мәселе қайтадан алдыңнан шығады. Жалпы, актер болу оңай емес. Бұл мамандықта жұмысқа бар күш-жігерінді салып, оны шын жүректен сүю, өзінді көрерменге арнау аса маңызды. Әлі де үйренеріміз көп, үнемі ізденіп, алға ұмтылу қажет.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«ДОСТАР СЕРТІ» МЮЗИКЛІ САХНАЛАНДЫ

Астана қаласындағы «Қазақконцерт» залында Astana Musical мемлекеттік мюзикл театрының репертуарындағы көрермен сүйіспеншілігіне ие болған «Достар серті» мюзиклі қайта қойылды.



2016 жылдың 16 қазанында премьерасы өткен бұл қойылым жылдар бойы жоғары бағаланып, театрдың негізгі сахналық туындыларының біріне айналды. Мюзиклде қазақ музыкасының алтын қорына енген Шәмші Қалдаяқов, Ескендір Хасанғалиев, сондай-ақ «Дос-Мұқасан» тобының әйгілі әндері орындалды. Сонымен қатар әлемге танымал The Beatles тобының шығармалары мен заманауи стильдегі композициялар да көрерменге ұсынылды.

Қойылым желісі 1960—70 жылдардағы кезенді қамтиды. Әр өңірден арман қуып, консерваторияға оқуға келген төрт жас жігіттің өмір жолы, достыққа адалдығы, алғашқы махаббаты мен жастық шақтағы қызықты оқиғалары сахнада әсерлі түрде бейнеленеді. Романтик, мақсатшыл, өзінқой және салмақты мінезді кейіпкерлердің әрқайсысы өмірлік сынақтарды бірге еңсеріп, достықтың шынайы құндылығын көрсетеді.

Мюзикл жастардың арман-мұраты, тағдырлы тандау сәттері мен өмір жолындағы тосын сыйларға толы кезеңін суреттеп, көрерменге ұмытылмас әсер сыйлайды.

Қойылымның либреттосын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бакыт Қайырбеков жазса, аудармашы-драматург — Әннас Бағдат. Музыка авторы — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дирижер Артур Оренбургский. Режиссері — Astana Musical театрының көркемдік жетекшісі Есләм Нұртазин.

«ЩЕЛКУНЧИК» КӨРЕРМЕНІ КӨП



П.Чайковскийдің «Щелкунчик» балеті қысқы маусымда Қазақстанның бірден үш жетекші театрында сахналанып, жаңа жылмен тығыз байланысты классикалық туынды екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Театрлар көрермен назарына барлығы 47 қойылым ұсынып, оларды 40 мыңнан астам адам тамашалаған.

Чайковскийдің музыкалық мұрасы әр театрда өзіндік қырынан көрініс тапты. Классикалық сюжеттік желі ортақ болғанымен, сахналық шешімдер, пластика, визуалдық тәсілдер мен әртістердің эмоциялық жеткізуі әртүрлі. Соның нәтижесінде әр қойылым көрерменге өзінше әсер қалдырады.

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының сахнасында «Щелкунчик» маусымдағы ең көп күтілетін спек-такльдердің бірі саналады. Балет көптеген жыл бойы театр ре-пертуарынан түспей келеді. Қойылым тарихи Вайнонен нұсқасында сахналанып, 2015 жылы жанартылған. Мұнда клас-сикалық дәстүр мен заманауи театр элементтері үйлесім тауып, көрерменге ерекше көркемдік әсер ұсынады. Жыл сайын «Щел-кунчик» балеті классикалық өнердің құндылықтарын дәріптеп, көрермен ықыласына бөленіп келеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Беларусь Республикасының Витебск қаласында «Арт-парад в Витебске» VII халықаралық фестиваль-байқауы өтті.

Байқауға Қазақстан, Ұлыбритания, Германия, Италия, Қытай, Грузия және Кыргызстан — жалпы 12 елден 1 200-ден астам өнерпаз қатысты. Байқауда Қазақстан атынан Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Эстрадалық вокал» мамандығы бойынша 4-курс студенті Акерке Амалят өнер көрсетті. Ол қазақ халық әнін орындап, 129 ұпай жинап, «Вокал» номинациясы бойынша Гран-при иеленді.

Айта кетейік, Акерке бұған дейін де халықаралық және республикалық деңгейдегі көптеген байқаудың жеңімпазы әрі лауреаты атанған. Қазақ ұлттық өнер академиясының студенті Беларусьтегі халықаралық байқауда жеңімпаз атанды.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4690

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,